

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# АТА ЗАҢ – ҚУАТТЫ, КҮШТІ, БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЖАРҒЫСЫ

**Қымбатты отандастар!**

Бүгін баршаңыз тарихымыздағы аса маңызды, мән-мағынасы айрықша, ел өмірінде өшпес із қалдыратын оқиғаның куәсі болдыңыздар. Мен Мемлекет басшысы ретінде бүкіл халық атынан Ата заңымызға қол қойдым. Сонымен қатар Конституцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым.

Енді Халық Конституциясы 1 шілдеден бастап ресми түрде өз күшіне енеді. Ал Конституция күнін мемлекеттік мереке ретінде ұлттық деңгейде жыл сайын 15 наурызда атап өтетін болдық. Еліміздің барша халқына Ата заңымыз құтты болсын дегім келеді!

Конституция – мемлекетіміздің ұзақ мерзімді мақсат-мұратын айқындайтын, ұлтымыздың келешек тағдырына тікелей әсер ететін тарихи құжат. Бұл – шын мәнінде Халық Конституциясы. Оның жобасы шамамен екі жыл бұрын пысықтала бастады. Кейін мұқият талқыланып, зерделеніп жазылды. Конституциямыз – табанды ұжымдық еңбектің нәтижесі.

Біз бүгін бір ел болып ұлт жылнамасының жаңа межесіне өттік, түбегейлі өзгерістердің сапасы және мазмұны ерекше бірегей кезеңіне аяқ бастық. Кеше ғана елімізде жалпыхалықтық референдум ойдағыдай өтті. Оған жұртшылық жаппай белсене қатысты. Азаматтарымыз өз таңдауын жасады, халқымыз бір кісідей жаңару мен жаңғыру жолын жақтап дауыс берді. Халқымыз Отанымыздың болашағы үшін өте жауапты сәтте жұмыла еңбек етті, ортақ іске орасан зор үлес қосты. Ұлы Абайдың «Бірлік – ақылға бірлік» деген өсиет сөзі осындай кезде айтылған болса керек.

Бұл референдум берекелі бірлік пен ырысты ынтымағымыздың тағы бір өнегелі көрінісі және нышаны болды. Біз халқымызға тән нағыз отаншылдық рухын сезіндік, олардың риясыз қолдауына куә болдық.

Мемлекет тағдырына бей-жай қарамай, дауыс беру науқанына атсалысқан барша азаматқа зор алғыс айтамын!

Ұлт мүддесін терең түсініп, Ата заңды қолдап, дауыс беруді тарихи миссия санаған жұртшылыққа шынайы ризашылығымды білдіремін. Бұл орайда, Павлодар, Ақтөбе, Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Қызылорда облыстарының және басқа да аймақтардың Ата заңды мақұлдап, дауыс берген тұрғындарына алғысымды айтқым келеді.

Сондай-ақ осы тұста Қазақстан жастарының ерекше белсенді болғанын атап өту қажет. Олар заңғар жазушы Әбіш Кекілбаев айтып кеткен «ұлттық жауапкершіліктің» озық үлгісін көрсетті. Мұны заңды құбылыс деп айтуға толық негіз бар. Өйткені жаңа Конституция, ең алдымен, өскелең ұрпақтың игілігі үшін қабылданып отыр.

Бұған дейін де айттым, қазір де қайталаймын: еліміздің болашағы – жастарымыздың қолында! Мемлекет басшысы ретінде мен сіздерге сенемін, зор үміт артамын! Жастарымыздың қарым-қабілеті айрықша, талант-дарыны мол, әлеуеті зор, күш-жігері мықты! Қазақстанды әлемдегі ең озық, дамыған елдердің қатарына қосатын да – сіздер! Бұған еш күмәнім жоқ! Бүгін төрге озып, тұғырына қонған жаңа Халық Конституциясы сіздерге бағдар беретін темірқазық болады. Себебі, бұл – келер ұрпақпен бірге жасай беретін қасиетті құжат.

Осы орайда, мен Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның нәтижелі еңбегіне айрықша тоқталғым келеді. Комиссия мүшелері өте ауқымды, тиімді жұмыс атқарып, мемлекет пен қоғамның өзара сенімі және серіктестігі аса маңызды екенін айқын көрсетті.

Жалпыұлттық коалиция мүшелері де қажырлы қызмет етті. Олар жаңа Конституцияның мән-мазмұнын жұртшылыққа кеңінен түсіндіріп, қажетті үгіт-насихат жұмысын ойдағыдай атқарды. Бүгін осы тарихи сәтке орай, мен Комиссия құрамында болған барша азаматқа және Коалиция мүшелеріне ерекше ризашылығымды білдіремін.

Еліміздің әр аймағы, ауданы мен қаласында қоғамдық белсенділер, олардың ішінде еріктілер, яғни, волонтерлер жоғары азаматтық жауапкершілік танытып, Халық Конституциясының қабылдануына зор үлес қосты. Баршаңызға рақметімді айтамын.

Біз Халық Конституциясын келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді терең сезіне отырып қабылдадық. Ата заң – қуатты, күшті, бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа Жарғысы. Жаңа Конституция – көне заманнан бері бабаларымызға бағдар болған дала заңдарының бүгінгі жалғасы, ұрпақтар арасындағы сабақтастық көрінісі. Заман талабына сай жаңғырған бас құжат мемлекеттігіміздің сан ғасырлық тарихынан хабар береді. Қазіргі Конституция нағыз Ұлт заңы деген атқа лайық. Оның өне бойында бабаларымыз аманат еткен елдік пен ерлік рухы, салт-дәстүр, жасампаздық және жаңашылдық ұғымдары тоғысқан.

Ата заң – мемлекет мүддесінің болаттай берік қалқаны. Конституциямыздың ең басты мақсаттары – жеріміздің тұтастығын, еліміздің Тәуелсіздігі мен егемендігін қорғауға, азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, қоғамдық әділет пен заң үстемдігін нығайтуға кепілдік беру, сондай-ақ білім, ғылым, инновация мен мәдениетті дамыту, тазалықты дәріптеп, табиғатты қорғауды қамтамасыз ету.

Мемлекетіміздің бас құжаты – халық болмысының мызғымас нышаны, берекелі ауызбіршілігіміздің символы. Азаматтарымыз таңдаған жаңа Конституция Қазақстанның жаңа дәуіріне жол ашады!

Қазақстан – аяғына нық тұрған, халықаралық беделі биік мемлекет. Еліміз ішкі тұрақтылығын сақтап, өзге жұртпен достық қатынас орнатып, зор сеніммен алға қарай қадам басып келеді. Енді мемлекетіміз дамудың даңғыл жолына түседі. Сондықтан бізге татулық пен достық, сабырлық пен табандылық, жасампаздық пен ұқыптылық, еңбекқорлық пен сенімділік ауадай қажет. Біздің биік мақсаттарымыз, нақты жоспарларымыз бар. Көп созбай бәріміз осы міндеттерді іске асыруға кірісуіміз керек.

**Құрметті отандастар!**

Шын мәнінде, Халық Конституциясын әзірлеу мен қабылдау жалпыұлттық бірліктің салтанат құрғанын, жаңғыру стратегиясы мен реформалар жаппай қолдау тапқанын аңғартады. Әрине, бұл құжаттың тарихи маңызына, қазіргі қоғам мен келер ұрпақ баға береді. Ал бізге мемлекеттілік жылнамасын жазу миссиясы жүктелді. Бұл – абыройлы әрі жауапты миссия. Сонымен бірге азаматтық ой-пікірің арқылы туған Отаныңның даму бағдарын белгілеуге берілген сирек мүмкіндіктердің бірі, тағдырдың сыйы. Сондықтан бәріміз тарихи әрі ұлы бетбұрыстың бел ортасынан табылып, тағдыршешті сәтке куә болдық деп сеніммен айта аламыз.

*3-бетте*

Сарқылмасын Сыр - Ана!

Ақмешіт Ақшамы

№11 (1818)
19 наурыз 2026 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

# ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖАҢАЛЫҒЫ

*Биылғы жылдың 15 наурызында өткен референдумда 8 млн-ға жуық адам қолдап, дауыс берген еліміздің жаңа Конституциясы қабылданды. Күні кеше Ақордада өткен Конституцияны қабылдауға арналған салтанатты жиында Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Конституцияға және "2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Жарлыққа қол қойды.*
*Осы Жарлық бойынша "1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының түпнұсқасы Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне сақтауға тапсырылды".*
*Еліміздің Президенті туралы, Халық кеңесі, Астана мәртебесі, елдің әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы заң жобалары мәжіліс қарауына жіберілді.*

Сонымен **Жаңа Конституция 1 шілдеде күшіне енеді.** 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясы осы кезден бастап тоқтатылады.

Республикалық референдумда **Конституция қабылданған күн мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні** деп жарияланады.

15 наурыз күні өткен референдумға дауыс беру құқығы бар 9 127 192 адам қатысқан. Оның 7 954 667-сі (87,15%-ы) жаңа Ата заңды қолдап дауыс берді. **15 наурыз Конституция күні** болып белгіленеді.

• 1 шілдеден бастап елдегі екі палаталы парламент те өкілеттілігін тоқтатады. Оның орнына Құрылтай құрылады. **Президент шілде айында Құрылтай сайлауын жариялайды.** Сайлау екі ай ішінде өткізілуге тиіс.

Құрылтайда 145 депутат болады. Олар біртұтас жалпыұлттық сайлау округі бойынша пропорциялы өкілдік жүйе негізінде сайланады. Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Депутат болып 25 жасқа толған және елімізде соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады.

Депутаттардың өкілеттік мерзімі – 5 жыл.

Құрылтай депутаттары сайланғаннан кейін Қазақстан халқына ант береді.

Құрылтайдың бірінші сессиясын президент сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей шақырады.

• Мемлекеттік кеңесші жойылады. Оның орнына Вице-президент тағайындалады.

Құрылтайдың бірінші сессиясы ашылған күннен бастап екі ай ішінде президент **вице-президентті тағайындауға тиіс. Оны тағайындау үшін құрылтайдың келісімі қажет.**

Вице-президент мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде президенттің тапсырмасы бойынша өкілдік етеді. Президент мерзімінен бұрын қызметінен кеткен немесе қайтыс болған жағдайда, президенттің өкілеттігі вице-президентке өтеді.

Вице-президент қызметке кіріскен сәттен бастап депутат бола алмайды, өзге ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлікпен айналысуға немесе саяси партияда болуға құқығы жоқ.

• **Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың орнына Халық кеңесі құрылады.** Кеңес Қазақстан Республикасы халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган болып саналады.

Халық кеңесі мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары, қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту, Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттарын және жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді;

Құрылтайға заң жобаларын енгізеді;

жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді;

конституциялық заңға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Халық кеңесі Қазақстан Республикасының 126 азаматынан құралады. Оған этномәдени орталықтардың 42 өкілін, ірі қоғамдық бірлестіктердің 42 өкілін және мәслихаттар мен аймақтардағы қоғамдық кеңестердің 42 өкілін қосу ұсынылды.

Кеңестің барлық мүшесін президент тағайындайды. Ал төрағасын оның мүшелері сайлайды. Кеңес төрағасының қоғамдық негізде жұмыс істеп, ротация арқылы тағайындалатын екі орынбасары, сондай-ақ хатшылық меңгерушісі болады.

• Құрылтайдың бірінші сессиясы ашылған күннен бастап екі ай ішінде бірқатар органдардың төрағалары тағайындалады.

• Конституциялық сот төрағасы мен судьялары тағайындалады.

Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның төрағалары мен мүшелері тағайындалады.

Конституция күшіне енген күннен бастап екі ай ішінде:

Жоғарғы сот төрағасы, Ұлттық банк төрағасы, Бас прокурор, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Жоғары сот кеңесінің төрағасы, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл тағайындалуға тиіс.

Конституциялық сот, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары аудиторлық палата, Ұлттық банк, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Жоғары сот кеңесінің төрағасын, Бас прокурорды және Адам құқықтары жөніндегі уәкілді президент өзі тағайындайды.

• Ал Конституциялық сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары аудиторлық палата мүшелерін тағайндау үшін президентке Құрылтайдың келісімі қажет.

• Жоғарғы сот төрағасын Жоғары сот кеңесі ұсынады, президент тағайындайды.

• Қолданыста болатын басқа да заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің, конституциялық кеңестің және конституциялық соттың нормативтік қаулыларының Конституцияға қайшы келмейтін бөлігі қолданыста қалады. **Биылғы жылдың 1 шілдесі күнінен бастап Заңдарға өзгерістер енгізіледі.**

# ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР ҚОЛДАУЫ

Бұл референдум жай референдум болмады. Шын мәнінде елдің бірлігін, татулығын, қазақи құндылықтарды, қазіргі қоғамның сән-салтанатын көрсеткен күн болды.

Бәлкім, Наурыз мерекесін тойлауды бастаған қалың елдің қуанышы да әсер етті, әйтеуір бір өзгеше күн болды. Әсіресе ауылдарда. Той көйлегін, қазақы шапанын киіп, көше-көше болып сайлау учаскесіне келген жұрт ағыл-тегіл...

Жұрт отбасы болып қатысты. Оның да түр-түрі бар: жас отбасы, 3 ұрпақ өкілі бар отбасы, Жақаев келіндері, бір әулет келіндері, “Мерейлі отбасы” жеңімпазы деген сияқты түр-түрі танылды. Ұжым болып ұйымдасқандар да аз болмады. “Жедел жәрдем”, орман мен жануарлар дүниесін қорғау, “Семізбай” кен орны, “Мағжан и К” ұжымдары, денсаулық сақтау мен білім беру қызметкерлері, тағы да басқа Сыр бойының мерейін асырып жүрген ұжымдар, мекемелер топ-тобымен келіп, сайлауға сән берді. “Ұлағат”, “Ғибрат” әжелер ансамблінен қалыспай, әкелер ансамблі де дауыс берді.

Әралуан спорт сайыстарының чемпиондары да, жас спортшылар мен спорт командалары да дауыс берушілер қатарын толықтырды.

Сырдария ауданындағы 105-ке жеткен Ұлы Отан соғысының ардагері Яхия Тасыров атамыздың ізінен Ауған, Тәжік, тағы да басқа ҰОС-нан кейінгі соғыс ардагерлерімен қатар тыл ардагерлері де дауыс берді.

Дәл сол күні кәмелет жасына жеткендер де, жақында отау құрғандар да сайлау учаскесіне келді. Жер-жерде “Бауырсақ пати”, жәрмеңке ұйымдастырылды. Айтпақшы сайлау учаскесіне бірінші болып келгендерге арнайы сыйлық берілді. Тегін көлік қызмет көрсетті. Сайлау учаскесіне келуі үшін мүмкіндігі шектеулі жандарды “Инватакси” тасымалдады. Алаңсыз келе алмайтындар үшін үйінен дауыс беру ұйымдастырылды.

Айтып, айтпай не керек, бұл референдумға шын мәнінде ел тайлы-тұяғына дейін қалмай қатысты. Әсіресе жастар... Нәтижесінде қызылордалықтар референдумға 93,04% қатысып, қатысушылар саны жөнінен өзге өңірлерден оза шықты.

Осы референдум болады дегеннен үгіт жұмысы қызды. Алдымен бес партия бірігіп, коалиция құрды. Жаңа Конституция жобасын елге түсіндірейік деген бір мүддеге бас біріктірген бесеуі бір ортадан әралуан мамандық иелерінен сөзге шешен, іске мығым жандардан қол құрап, ел арасында Конституцияны насихаттай берді. Референдум күні дауыс беруді ұйымдастыру да жөн болды. Учаскелердегі тәртіп пен тзалықтан бөлек арнайы жасалған фотозонаның өзі жұртшылықты тартып тұрды. Ең бастысы соңғы жылдардағы аймақта жүзеге асқан игілікті жобалар өз жемісін берді. Мемлекеттің, Үкіметтің қолдауын сезінген Сыр бойы халқы Мемлекет басшысының жаңа Конституция қабылдау жөніндегі бастамасын 89,97% қолдап, тағы да көш басынан көрінді.

***Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:***

*Мемлекет басшысының қолдауымен халықтың тұрмысын, әл-ауқатын жақсартатын ірі-ірі жобалар жүзеге асуда. Мәселен, 1984-ші жылы құрылысы басталып, тоқтап қалған Жезқазған – Қызылорда жолы салынып, пайдалануға берілді. Сексеуіл – Бейнеу жобасы басталайын деп жатыр. Кеңестік кезеңнен бері ыстық су жоқ Қызылорда қаласы тұрғындары ыстық сумен қамтылды. Инвестор қаржысы есебінен үлкен жылу электр орталығы салынды.*

*Әрине, осының бәрін қызылордалықтар зор ризашылықпен қабылдап жатыр. Президентімізге, Үкіметке риза. Осы риза көңілмен референдумға баршасы қатысты. Әсіресе ауылдарда сайлау, референдумдар мереке болып өтеді. Қалыптасқан жағдай. Өйткені біз - қазақы өңірміз. Қызылорда қаласы тұрғындары да зор ықыласпен қатысты. Халықтың көңіл-күйі өте жоғары. Алдағы уақытта да қызылордалықтар Мемлекет басшысының барлық саяси реформаларын жоғары деңгейде қолдай береді...*

## Қызылорда облысының ауылшаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Т.ДҮЙСЕБАЕВ:

# СУ ЛИМИТІ БЕКІТІЛГЕННЕН КЕЙІН ЕГІС КӨЛЕМІ НАҚТЫЛАНАДЫ




2026 жылы облыс бойынша барлығы **185,8 мың гектарға** ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспары бар. Оның ішінде дәнді дақылдар **89,7 мың** гектар, майлы дақылдар **6,1 мың** гектар, мал азықтық дақылдар **73,2 мың** гектар, картоп, көкөніс, бақша **16,8 мың** гектар болады.

Өткен жылмен салыстырғанда негізгі дақыл күріштің көлемі **10,9 мың** гектарға қысқарып, **70 мың** гектарға егіледі.

Қысқарған күріштің орнына жүгері дақылының егіс көлемін ұлғайту бойынша Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерінің мәліметіне сәйкес, биыл жүгері дақылының егіс көлемін **10-15 мың** гектарға жеткізу жоспарлануда.

Дегенмен сәуір айында мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының отырысында су лимиті бекітілгеннен кейін егіс көлемі қайта нақтыланатын болады.

Егін шаруашылығын әртараптандыру бағытында өңірімізде жаңадан бірқатар ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда.

Құны **40 млрд**. теңгеге жүгеріні терең өндеуге бағытталған Қызылорда крахмал-сірне зауыты жобасы іске асырылуда.

Швейцариялық «ХарвестГруп» компаниясымен бірлесіп, құны **51 млрд**. **теңгеге** агрокластер құру жобасын іске асыру басталды. Жоба аясында **21 мың гектарға** қарасора, жүгері және соя дақылдарын егіп, терең өндейтін агроиндустриялық кластер құрылатын болады.

Бүгінде шаруашылықтар жүгері дақылын егуге қажетті тұқымдар мен техникаларды сатып алу жұмыстарын жүргізуде. Облыста негізгі дақыл күрішті егуді сәуір айының үшінші онкүндігінде бастау межеленіп отыр.

2026 жылдың көктемгі егісіне облыс бойынша **20,4 мың тонна** күріш тұқымы құйылды.

Сонымен қатар **1570,9 тонна** дәнді, **170,4 тонна** майлы, **289 тонна** малазықтық дақылдардың тұқымдары дайындалды.

Ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымының сапасын себу дәрежесіне жеткізу жұмыстары егіс науқаны басталғанға дейін 100% аяқталатын болады.

2026 жылдың егісіне қажетті **65,6 мың тонна** минералдық тыңайтқыштардың бүгінгі күнге **28,3 мың тоннасы** немесе **43%-ы** сатып алынды. Сонымен қатар қажетті **85,4 мың** литр гербицидтің **3,0 мың** литрі сатып алынды. Көктемгі дала жұмыстары басталғанға дейін толық сатып алынады.

Қолда бар **3975** ауыл шаруашылығы техникалары толығымен жөндеуден өткізілді. Көктемгі егіс жұмысына қажетті **10,1 мың** тонна көлемінде арзандатылған дизель отынына өтінім берілді. Бекітілген кестеге сәйкес облысымызға дизель отыны Шымкент мұнай өңдеу зауытынан жеткізіледі. Дизель отынының тарату бағасы шаруашылыққа дейін литріне **281 теңгеден** келіп отыр.

Су ресурстарын тиімді пайдалану, су шығынын азайту мақсатында облыста бірқатар шаралар атқарылуда.

Президент тапсырмасына сәйкес облыстың ауыл шаруашылығында су үнемдеу технологиясын кеңінен енгізуге бағытталған мемлекеттік қолдау шараларына 2026 жылға **10 млрд**. **теңгеге** жуық қаржы бөлінді.

Мемлекеттік қолдауды пайдалана отырып биыл су үнемдеу технологиялары көлемін **16 мың 700 гектарға ұлғайту** жоспарлануда.

Су үнемдеу бағытында биылдан бастап Жалағаш, Шиелі, Жаңақорған, Қармақшы аудандарында 6 инвестициялық жобаларды іске асыру қолға алынды.

Шаруашылық құрылымдарына су үнемдеу технологияларын **ұлғайту** бағытындағы мемлекеттік қолдауларға түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар 2025 жылы диқандар күріштің **60 мың гектарын** лазерлік тегістеуден өткізсе, биыл бұл көрсеткішті **65 мың** гектарға жеткізу жоспарланған.

# ИНВЕСТОР БОЛАДЫ...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Reinke Manufacturing Co., Inc. компаниясының вице-президенті Филип Джарвиспен кездесті. Кездесуде өңірге инвестиция тарту мәселесі талқыланды.

– «Біз Reinke Manufacturing Co., Inc компаниясының ауыл шаруашылығына арналған ирригациялық жабдықтар мен механикалық суару жүйелерін өндіруге маманданғанын жақсы білеміз. Осыған орай ирригациялық жабдықтар өндірісін біздің өңірде локализация жасау мәселесі қызықтырады.

«Харвест» компаниясы біздің аймақта 23 мың гектарға жуық суармалы жерді игеруде ауқымды жұмысты бастап кетті. Бұл жобаның алғашқы кезеңінің өзіне кемінде 450 бірлік суармалы жүйе қажет. Екінші кезеңінде 35 мың гектар алқапқа 700 бірлік суармалы жүйе қолдану көзделуде.

Біз өндірістік қуатты тікелей негізгі тұтынушы орналасқан аймаққа шоғырландыруды ең тиімді стратегия деп санаймыз. Себебі, бұл габаритті емес конструкцияларды тасымалдау шығынын жойып, сервистік қызмет көрсету жеделдігін қамтамасыз етеді.

Жоғарыда айтылған факторларды ескере келе, Сізден осы жобаны орналастыру үшін біздің өңірді қолайлы әрі болашағы зор инвестициялық алаң ретінде қарастыруға шақырамыз. Өз тарапымыздан жобаны іске асырудың әр кезеңінде мүдделі инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетуге және кешенді сүйемелдеуге кепілдік береміз», – деді аймақ басшысы.

***Бүгінде өңірде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда. Соңғы үш жылда аймақ экономикасына 4 млрд. АҚШ долларына жуық, былтыр 1 млрд. 600 млн. АҚШ долларынан астам инвестиция, 9 айдың қорытындысымен 205 млн. АҚШ долларынан астам тікелей шетелдік инвестиция тартылды. Экономиканы әртараптандыру мақсатында 2026-2029 жылдары аймақта 3 млрд. 400 млн. АҚШ долларға 48 инвестициялық жоба іске асырылып, 10308 жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл 183 млн. АҚШ доллардың 21 жобасын іске қосу жоспарлануда.***

# ОРМАНДЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ

Ауданымызда шабындық жерлерді өртеу кезінде, шөп жинау,ыстық, құрғақ және желді ауа райы, жанар жағар май материалдары өрт қаупі жағдайын тудыруда. Ормандарда тұрмыстық қалдықтар, катты кураған ағаш қалдықтары, өрт қауіпсіздік ережесін сақталмаған аумақтар, демалыс кезіндегі жаққан отын, толық сөндірілмеген шоқтар өрт қаупін жоғарылатып отыр. Жоғарыда айтылған жағайларды айта келе, мемлекеттік орман қоры аумағындағы өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерін ескерте өтейін:

- Орман тоғайларда болған кезде қатаң түрде өрт қағида талаптарын сақтау,
- Шабындықтар мен жайылым жерлерде немесе қамысты алқаптарда от қоюға тыйым салынады,
- Өзен, көл жағасында демалыс кезінде жаққан отын толық сөнгендігін қадағалау керек,
- Ағаш және бұталы өсімдіктердің алқабында қатты құрғақшылық болған уақытта тұтануына жол бермеу, жақын маңға минералды жолақтар мен арнайы өрт сөндіру құралдарын дайын қою және де тағы басқа талаптарды орындау шарт.

Көбінесе орман өрті күн аптап ыстықта, ерте көктемде болып жатады. Адам қолынан болатын өрттер де аз емес. Қамысты алқаптарды қасақана өртеу, шабындық жерлерді өртеу көбіне орман өртіне де ұласып жатады. Бұл біздің байлығымызға деген қастандық болып есептеледі.

Өрттің алдын алу, болдырмау шаралары да мекемеміз үшін ең басты жұмысымыз болып есептеледі.Ол жұмыстар ерте көктемнен бастап жыл соңына дейін жалғасады. Әрбір орманшыға бөлінген аумақта өрт қауіпсіздігі жіті бақыланады. Қаупі жоғары аумақтарда минералды жолақтар жүргізіліп, өрт бақылау мұнараларында кезекшілік үзбей жұмыс жасайды. Мемлекеттік орман қоры аумағында әрбір орманшыда арнайы өрт сөндіру көлік құралдары мен қол рациялары таратылып берілген. Жедел жұмыс жасау барысында біраз өрттер ауыздықталып ұласпаған кездер де болды. Сондай ақ, шекаралас жатқан ауылдық округтердегі қора қопсы өртену, шөп өртену, жеке сарай өртену жұмыстарына да орманшыларымыз атсалысып, халықтың алғысын алып келеді.

Орман –біздің басты байлығымыз, оны аялау, қорғау, сақтау мақсатымыз. Соның ішінде, өрт болдырмау жұмыстары бірінші кезекте тұр. Сол себепті, барша тұрғындарды барынша сақ болуға, табиғатымызды аялап ұстауға шақырамын.

**Т.ЕҢСЕПОВ**
**«Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі ММ»КММ-нің орман шебері**

# ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ 2026 ЖЫЛҒЫ 19 СӘУІРГЕ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН БЕЛКӨЛ КЕНТІ ӘКІМІН САЙЛАУ ЖӨНІНДЕГІ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

**№221 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:**

**Төраға** – Корганова Кадиша Мамайовна
**Төраға орынбасары** - Алмурзаева Индира Айтмагамбетова
**Хатшы** - Қалдыбаева Айдана Жұмабекқызы.
**Комиссия мүшелері:** Жолшораев Муратбек Жакипбекович, Жолмаханов Исатай Тайманович, Шитманов Дархан Каражанович, Боранбаева Асель Бекбулатовна, Жұмабек Әйгерім Құрманбекқызы, Саутбаева Орынкуль Мадиевна.
**Орналасқан жері:** Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№189 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Белкөл кенті, «Жаңа» шағын ауданы № 14.
**Телефон:** 8(7242) 26-81-92

**№236 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:**

**Төраға** – Қуанышбай Нұржан Әсілханұлы
**Төраға орынбасары** - Карибаев Руслан Базарбаевич
**Хатшы** - Ахметов Габит Муслимович.
**Комиссия мүшелері:** Жумамбетов Аскарбек Есказыевич, Альсугуров Нурбол Халилуллаевич.
**Орналасқан жері:** Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№145 Бірқазан орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Белкөл кенті, Көкжиде айырығы, Көкжиде көшесі, № 6 құрылыс.
**Телефон:** 8(7242) 30-01-43

**Учаскелік сайлау комиссиясының жұмыс уақыты: 09.00-19.00, түскі үзіліс: 13.00-15.00**

**Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы**

# ЖАҢАДАН ТАҒАЙЫНДАЛҒАН СУДЬЯЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Қызылорда облыстық сотында өткізілген жиында облыстық соттың төрағасы Ә.Шығамбаев Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 2 наурыздағы №1188 Жарлығын сот ұжымына таныстырды. Аталған Жарлықпен Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьялары болып Бегімбаев Ринат Maратұлы және Қайбалдиева Айнұр Амангелдіқызы тағайындалды.

Сонымен бірге Қызылорда қалалық сотының судьясы болып Жүнісова Нұргүл Жұмағалиқызы тағайындалды. Шара барысында жаңадан тағайындалған судьялар Қазақстан Республикасы Судьяларының антын қабылдады.

Бегімбаев Ринат Маратұлы – әр жылдары түрлі мекемелерде заңгер, заң бөлімінің басшысы, директор қызметтерін атқарып, 2025 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Түркістан-Қызылорда өңіраралық заң консультанттары палатасында заң консультанты қызметін атқарған.

Қайбалдиева Айнұр Амангелдіқызы – сот жүйесінде 2001 жылдан бастап еңбек етіп келеді, әр жылдары сот отырысының хатшысы, жетекші маман, бас маман, қеңсе меңгерушісі қызметтерін атқарып, 2023 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін ҚР Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің ұйымдастыру-талдау бөлімі бас маманы қызметін атқарған.

Жүнісова Нұргүл Жұмағалиқызы – сот жүйесінде 2013 жылдан бастап еңбек етіп келеді, әр жылдары жетекші маман, бас маман-сот мәжілісінің хатшысы, бас маман қызметтерін атқарып, 2023 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соты әкімшісінің басшысы қызметін атқарған.

**Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі**

## Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 2026 жылдың 16 наурызындағы № 9 - Ө бұйрығына қосымша.
## Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті басшысының 2026 жылдың ІІ тоқсанына арналған жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

| Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының аты, жөні | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының лауазымы | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|
| Омаров Серик Серикбаевич | департамент басшысы | сейсенбі, бейсенбі 16-00 ден 17-00 ге дейін | Байқоңыр қаласы, Совет Армия көшесі,11 үй | 8 /336 22/ 7-64-11 |

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (Мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік әдеп қағидалары) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 - V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы Министрілігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде **8(33622) 7-63-22** нөмірлі **«Сенім телефоны»** күнделікті жұмыс уақытында (8:30-дан 18:00-ге дейін, үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін) жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

## «Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының 2026 жылдың ІІ-тоқсанға арналған жеке тұлғаларды және заңды тұлға өкілдерін қабылдау кестесі

| Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы | Қабылдау күндері | Қабылдау уақыты | Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы | Сенім телефоны |
|---|---|---|---|---|
| Омаров Асет Турмаханович | Дүйсенбі Бейсенбі | 16:00-18:00 16:00-18:00 | Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Ораз ахун көшесі №44 үй | 2-12-44 |

## Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы № 410 V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242)40-04-84 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29.12.2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18.11.2015 года № 410 V «О противодействии коррупции» прием граждан по личным вопросам в отделе занятости и социальных программ города Кызылорда ежедневно с 9.00 до 19.00 часов, время перерыва с 13.00 до 15.00 и телефон доверия 8(7242)40-04-84.

**МЕНШІК ИЕСІ:**
**«Желтоқсан и К» ЖШС**

**Бас редактор**
Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА

**Бас редактордың орынбасары**
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

**Редакцияның мекен-жайы:**
Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

**Телефон:** 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж.
Газет аптасына бір рет жарық көреді

**ТАРАЛЫМЫ:** 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
**Мекен-жайы:** Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
**Таралу аумағы:**
Қазақстан Республикасы
**Тапсырыс**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# "АТА ЗАҢ – ҚУАТТЫ, КҮШТІ, БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЖАРҒЫСЫ"

Референдумға қатысып, азаматтық жауапкершілік пен отаншылдық танытқан баршаңызға алғыс айтамын. Әсіресе, жастарға шынайы ризашылығымды білдіремін. Жас буын ел жылнамасына есімдерін алтын әріппен жазып, Ата заң авторларының біріне айналды. Қазақстанның бүгіні мен келешегі жастардың қолында. Бұл – ешқандай ұран емес, қарапайым өмір заңы, мемлекеттік саясатымыздың өзегі.

Референдумның табысты өтуіне орай менің атыма достас мемлекеттердің басшылары мен халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен құттықтаулар келіп түсіп жатыр. Орайлы сәтті пайдалана отырып, халқымызға қолдау көрсетіп, тілектестіктерін жеткізген әріптестеріме ризашылық білдіремін.

Алдымызда ауқымды жұмыс тұрғанын, біз мемлекетімізді жан-жақты жаңғырту жолын енді ғана бастағанымызды айрықша атап өткім келеді. Дүние дүрбелеңге толып, айналамызда тұрақсыздық белең алған жағдайда бұл жолды еңсерудің оңай болмайтыны, түрлі кедергімен бетпе-бет келетініміз анық. Алайда жолдың қиындығына қарамай, алға қадам басуымыз керек. Ол үшін ұлтымыз ауызбіршілік танытып, жауапты әрі жасампаз патриотизмнің, терең білім мен кәсібиліктің үлгісін көрсетуі қажет. Біз көздеген мақсатымызға жетеміз. Жеңімпаз болуға міндеттіміз!

Мен бүгін қол қойған Жарлық Ата заң ережелерін жүзеге асырудың негізгі бағыттары мен шараларын айқындайды. Көп ұзамай Парламент қарауына Президент, Құрылтай, Халық Кеңесі, Астананың мәртебесі және еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы жаңа бес конституциялық заң енгізіледі. Сонымен қатар сегіз конституциялық заңға және 60-тан астам заңға, соның ішінде негізгі кодекстерге түзетулер енгізу қажет. Заң шығару үдерісі алдағы парламент сайлауымен қатар жүреді. Сайлауды жаңа сессияның ашылуына дейін өткізу жоспарланып отыр. Сол уақытқа дейін тиісті заңнамалық база әзірлеуді толықтай аяқтаған жөн.

Еліміздi құқықтық және саяси тұрғыдан түбегейлі жаңғырту жыл соңына дейін, тіпті, келесі жылы да жалғасуы мүмкін. Алдымызда қазіргі билік институттарын реформалап, жаңасын құру, сондай-ақ олардың құрылымы мен кадрлық құрамын өзгерту міндеті тұр. Конституцияның тың қағидаттары құқықтық, экономикалық, қоғамдық-саяси өмірімiздің, басқаша айтқанда, тұтас тыныс-тіршілігіміздің ажырамас бөлшегіне айналады.

Халық Конституциясы – стратегиялық сенім мандаты және ұзақмерзімді мақсаттар мен өрлеу жолына бастайтын жаңа қоғамдық келісім. Сондықтан еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты деп сеніммен айтуға болады. Соған сәйкес, мемлекет пен азаматтардың ықпалдастығы қайта жаңғыруы қажет.

Өздеріңізге мәлім, былтыр қылмыстық жауапкершілікке тартылғандарға рақымшылық жасалды. Енді азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндірмейтін біркатар қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылық бойынша тағы да рақымшылық жариялауға болады. Елімізде әкімшілік істер бойынша рақымшылық алғаш рет жасалатынын атап өткім келеді. Парламент қазіргі сессияның соңына дейін тиісті заң қабылдауы керек. Бұл – Негізгі заңдағы адамгершілік идеалдары мен прогрессивті құндылықтарды қоғамда орнықтыратын маңызды қадам.

Жаңа Конституция – халқымыздың ынтымақ-бірлігінің жарқын символы. Оның баптарында әрбір қазақстандықтың арманы мен аңсары, ұрпағының баянды болашағына деген үміті мен сенімі көрініс тапқан. Ата заң барша азаматтың – Отанымыздың шынайы патриоттарының басты бағдарына айналады. Қазақстанның жаңа Конституциясы – әлемдік өркениеттің биігіне бет алған ұлтымыздың берік әрі мызғымыс тұғыры. Менің бұған ешқандай күмәнім жоқ. Сіздердің де шүбәларыңыз болмайды деп ойлаймын.

**Қадірлі қауым!**

Жаңа Конституцияны қабылдау – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру деген сөз. Бұл – дұрыс пен бұрысты тани білетін, жақсы мен жаманның ара-жігін ажырата алатын, кемеліне жеткен жұрттың ғана қолынан келетін іс. Жаңа Конституция елдігіміздің тірегі, егемендігіміздің тұғыры болады. Оның әр нормасы, әр тармағы Тәуелсіздігімізді нығайта түседі.

Әділдік қағидаты бас құжаттың өзегіне айналды. Сондықтан жаңа Ата заңды Әділетті Қазақстанның төлқұжаты десек, қателеспейміз. Мен ел Президенті және Конституция кепілі ретінде бас құжаттағы ережелердің мүлтіксіз орындалуы үшін бар күш-жігерімді саламын. Жаңа Конституциямызға сәйкес адал қызмет етуге серт беремін. Еліміз әрқашан өсіп-өркендей берсін!

Қасиетті Отанымыз – Қазақстан Республикасы мәңгі жасасын!

*(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Конституцияны қабылдауға арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі)*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# "ДЕПУТАТ БОЛУ – ЕЛ АДАМЫ БОЛУ"

***Астанада барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының ІІІ-ші республикалық форумы болып өтті. Форумда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев сөз сөйледі. Қ.Тоқаев сөзінде айтқандай "мән-маңызы айрықша бұл форумға барлық аймақтан жергілікті билік өкілдері арнайы келді. Миллиондаған азаматтардың мүддесін қорғап жүрген екі мыңға жуық депутат қатысты".***

***Депутаттар халықпен тығыз жұмыс істеп жүргендіктен жұрттың мұң-мұқтажын, талап-тілегін жақсы біледі деп танитындықтан Мемлекет басшысы депутаттардың атқарып жатқан жұмысын ұдайы назарында ұстайды екен. Демек Қ.Тоқаев мәслихаттар менен депутаттардың мықты тұсын да, осал жерін де жақсы біледі. Содан да болар осы форумда мәслихаттардың әлеуетін одан әрі күшейту үшін біркатар міндеттерді ұсынды.***

***Биылғы жаңалық: ауылдық округтер қосымша табыс көзіне ие болып отыр. Олар кең тараған пайдалы қазбалар өндірісіне, жерасты сулары мен емдік балшықтарды пайдалануға салынатын салықты өздері жинап, өздері қажеттеріне жаратады. Демек, күні кеше референдумда қабылданған жаңа Конституцияда айтылғандай, жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі (8-бап).***

***Жалпы аймақтарға бұдан басқа да өздері жинайтын біраз салық өздеріне қалғалы тұр. Демек, "аймақтардың табысы сол аймақты дамытуға жұмсалуы керек".***

***Ендігі мәселе – мәслихаттар осы қаражаттардың тиімді жұмсалуын қатаң бақылауға алуы керек.***

***Мемлекет басшысы алдағы уақытта өз міндетін орындамаған, этиканы бұзған депутаттар жауапкершілігін күшейтетін нақты шаралар қабылдаймыз деп отыр. Негізі соңғы кездері әлеуметтік желіні қаптап кеткен кей депутаттардың әдепсіздігі, жемқорлығы, халыққа кеудe кере сөйлейтін менмендігі қоғамда билік пен халық арасындағы көпірді қиратып тұрғаны рас.***

***Айтпақшы Мәслихат төрағалары да енді екі реттен артық төраға бола алмайды.***

***Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың сөз соңына қарай "мәслихаттар Құрылтайға қажетті білікті мамандар даярлауға белсенді түрде атсалысады" дегені, жоғарыға өрлейтін Құрылтай депутаттарының бұрынғыдай атқарушы биліктен гөрі жергілікті биліктен іріктелетінін аңғартса керек. Мемлекет басшысы "депутат болу – ел адамы болу" деп айтып отырғанына қарағанда алдағы сайлауда ел адамдары депутаттыққа өтетін тәрізді.***

**БІРІНШІ міндет. Аймақтар өз бюджетін мұқият жоспарлап, табысын арттыруға баса мән беруге тиіс.**

Біз жергілікті биліктің әлеуетін және аймақтардың қаржылық дербестігін біртіндеп күшейтіп жатырмыз. Былтыр ауылдық округтердің бюджеті 442 миллиард теңгеден асты. Бұл қаражаттың үштен бірі – елді мекендердің өз табысы. Оның үстіне, еліміздегі ауылдық округтердің орташа бюджеті 190 миллион теңгеге жетті. Бұл – жақсы көрсеткіш.

Биылдан бастап ауылдық округтер қосымша табыс көзіне ие болмақ. Атап айтқанда, кең таралған пайдалы қазбалар өндірісіне, жерасты сулары мен емдік балшықтарды пайдалануға салынатын салықты өздері жинап, қажетіне жаратады.

Менің тапсырмама сәйкес, қазір Үкімет заңды тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығының бір бөлігін төртінші деңгейдегі бюджеттерге беру мәселесін пысықтап жатыр. Сондай-ақ аймақтарға жекелеген қызмет түрімен айналысуға арналған лицензиялық алымнан, экологиялық айыппұлдардан түсетін қаражат та берілуі мүмкін. Бұл – өте дұрыс ұстаным. Түскен табыс, ең алдымен, сол аймақты дамытуға жұмсалуы керек. Бір сөзбен айтқанда, жергілікті жерде қордаланған мәселелерді шешу үшін мүмкіндік те, ресурс та арта түспек. Мәслихаттарға жүктелетін міндет – осы қаражаттың тиімді жұмсалуын қатаң бақылау.

Аймақтарда бюджетті жоспарлау және орындау жұмысының сапасын арттыру айрықша маңызды. Мен мұны Үкіметтің жақында өткен кеңейтілген отырысында айттым. Қазіргі тәртіпке сәйкес жергілікті бюджет бекітілетін кезде депутаттарға жалпы мәлімет қана ұсынылады, тиісті түсініктемелер берілмейді. Сондай-ақ бюджет жобасы мәслихаттың қарауына соңғы сәтте жолданады. Сол себепті оны депутаттар үстірт қарап, қысқа мерзім ішінде қабылдауына тура келеді. Соның салдарынан қаражат халықтың нақты қажеттілігін өтемейді, тиімсіз жобаларға жұмсалып кететін жағдайлар пайда болды. Ешкімге нақты жауапкершілік жүктелмеген соң, мәселе сұрақсыз қалады. Демек жергілікті деңгейде тиісті бақылау жүргізілмейді деген сөз. Соның бәрі жергілікті тұрғындардың наразылығын туғызады. Мұндай келеңсіздікке тосқауыл қою үшін өкілді орган бюджетті жоспарлау үдерісіне әуел бастан атсалысуы керек. Бірақ бюджет бойынша барлық талқылау тек мемлекет пен өңірлік мүдделерге негізделуге тиіс, лоббизмге немесе популизмге жол бермеу керек. Басты ұстаным – бәрі де халық үшін.

Әкімдіктегі бюджеттік комиссияның құрамына білімді, беделді мәслихат депутаттарын қосқан жөн. Осылайша, жұмыстың сапасын арттырып, қаражаттың тиімді жұмсалуын қадағалауға болады. Қыруар қаржыны оңды-солды шашып, пайдасы жоқ бастамаларға жұмсауды доғару қажет.

Әкімдер республикалық бюджеттен берілетін түрлі дотацияға сеніп отыра бермеуі керек. Масылдық ұғымынан біржола арылу қажет. Жергілікті билік өкілдері табысты көбейту үшін белсене жұмыс істеуге тиіс. Бюджет қабылданатын кезде «Қанша жұмыс орны ашылады, жеке инвестиция тартыла ма, бизнестің дамуына қандай жағдай жасалады, қанша салық төленеді?» деген сауалдарға нақты жауап берілуі керек. Күрішті күрмектен ажырата білу қажет. Бұл – барлық деңгейдегі әкімдер мен мәслихаттар депутаттары, ең алдымен, мемлекет мүддесіне қызмет ететін бір ұжым, бір команда деген сөз. Барлық аймақтың мәслихаттары мен әкімдіктерінің бірлесіп, бюджеттің әр теңгесінің ел игілігіне жұмсалуын қамтамасыз етуге міндетті.

**ЕКІНШІ мәселе. Мәслихаттардың өкілеттігін одан әрі кеңейтіп, нақтылай түсу қажет. Бұл – айрықша маңызы бар міндет.**

> **Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:**
> ***Енді жазда Парламент сайлауы өтеді. Оны бір ел болып атқаруымыз керек. Бұл жастардың парламенті болуы қажет деп ойлаймын.***
> *Референдумға белсене қатысқан жастармен әңгімесінен*

Олардың жергілікті билік жүйесіндегі рөлін күшейту қажет. Әкімдер халықпен кездескенде азаматтардың көбі нақты мәселелерді айтып, бірнеше сұрақ қояды. Сондай түйткілдер дұрыс шешімін табуы үшін депутаттық корпус белсенді түрде бақылау жасап, әкімдермен бірге жұмыс істеуі керек. Сондай-ақ мәслихаттардың ішкі жұмыс тәртібін ретке келтіріп, қайта қараған абзал. Олардың көптеген құзыреті әлі күнге дейін айқын емес. Бұл ахуал мемлекеттік басқару үдерісіне кедергі келтіріп отыр.

Сондықтан өз міндетін орындамаған немесе этиканы бұзған мәслихат депутаттарының жауапкершілігін күшейтетін нақты шаралар қабылдау қажет. Мұндай қадам халықтың саяси мәдениетін дамытуға және өкілді билік институтына деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

Біз басқарудың ротациялық тәртібін мемлекеттік биліктің барлық деңгейіне біртіндеп енгізіп жатырмыз. Қазіргі таңда сайланатын әкімдердің өкілеттігі екі мерзіммен шектелген. Енді мәслихат төрағаларын ротация тәртібімен ауыстыру қағидатын енгізу керек деп санаймын. Бұрын мәслихаттарды басқаратын хатшылары болды, енді төрағалар басқарып отыр. Бұл, меніңше, дұрыс шешім болды. Алайда, олардың өкілеттігі де екі мерзіммен аспауы қажет. Осындай әдіс арқылы кәсіби депутаттық корпус қалыптастырып, оның тиімділігін арттыруға болады. Бұл ұстаным елімізде жүзеге асырылып жатқан реформалардың логикасына сай келеді.

Барлық деңгейдегі билік өкілдері халықпен ашық әрі түсінікті әңгіме, сұхбат орната білуі керек. Шағымданатын азаматтардың арасында түрлі адам болады, бұл – белгілі нәрсе. Десек те, шын мәнінде, мұқтаж адамдар аз емес, оларға қолғабыс етуіміз керек. Бүгінде орталыққа аймақтардан жолданатын арыз-шағымдар көбейіп кетті. Бұл мәселе туралы мен Жолдауымда айтып өттім. Былтыр Президент Әкімшілігіне шамамен 83 мың өтініш келіп түскен. Бұл – алдыңғы жылмен салыстырғанда 30 пайызға көп.

Шағымдардың басым бөлігін жергілікті деңгейде қарап, дер кезінде шешуге болатын еді. Ешкім де мүлде мүмкін емес мәселені айтпайтыны белгілі. Ашығын айтқанда, жұрт өңірдегі биліктен ең қарапайым деген мәселелерге қатысты түсініктеме ала алмайды, қиналады. Содан соң азаматтар елордаға хат жолдап, тікелей Президентке жүгініп жатады. Шын мәнісінде, олардың арасында үнемі арыз жазатын «кәсіби» шағымданушылар бар, бірақ көбі өз мұң-мұқтажын айтып, Ақордаға шағымдануға мәжбүр. Мәслихат депутаттары халық пен билік арасындағы көпір болуға тиіс. Олар тұрғындардың мәселесін шешуге көмектесуі керек. Осы маңызды жұмысқа олардың құзыреті толық жетеді.

Былтыр облыстық деңгейде атқарушы органдарға 6 мыңға жуық депутаттық сауал жолданды. Бірақ оның саны емес, сапасы маңыздырақ, яғни, мәслихаттар осы мүмкіндікті тиімді пайдалануға тиіс. Түптеп келгенде, аймақтардың дамуы, тұрмыс сапасының жақсаруы, жұрттың билікке зор сеніммен қарауы Сіздердің қызметтеріңізге тікелей байланысты. Осыны әрдайым басты назарда ұстаған жөн.

Тағы бір мәселе – толық цифрлық мемлекет құру. Бұл мақсаттың еліміз үшін маңыздылығын жақсы білесіздер. Мәслихаттар бұл үдерістен тыс қалмауға тиіс. Озық технологиялар мен жасанды интеллектіні мемлекеттік басқару жүйесінің барлық саласына енгізу стратегиялық маңызы бар мақсатқа айналды. Еліміздің жарқын болашағы осы мақсаттың табысты іске асуына тікелей байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда, мәслихаттардың осы жұмысқа белсенді атсалысқаны абзал.

Сондай-ақ депутаттардың кәсіби білігін арттырып, цифрлық құзыретін кеңейту өте маңызды, онсыз істелген жұмыстың бәрі бос болмақ. Бұл шаруамен Мемлекеттік басқару академиясы белсенді және тиімді түрде айналысуға тиіс. Менің білуімше, таяу арада нәтижелер де белгілі болмақ. Бүгінге дейін 1200-ге жуық депутат арнайы оқу курсына шақырылып, кәсіби тұрғыдан шыңдалды. Енді биыл басталған AI Governance 500 бағдарламасының аясында облыстық мәслихаттардың аппарат басшыларын оқыту қажет.

Жалпы, елімізде жасалып жатқан цифрлық өзгерістер орталық пен аймақтар арасындағы алшақтықты мейлінше азайтуы қажет.

**ҮШІНШІ міндет. Мәслихаттар жоғары заң шығарушы органға қажетті кадрларды даярлауға белсене атсалысуы керек.**

Референдумға шығарылған Конституция жобасында жаңа бір палаталы Құрылтайдың депутаттары пропорциялы өкілдік жүйе негізінде сайланады деп көрсетілген. Бұл қадам саяси партиялардың рөлін күшейтіп, заң шығару жұмысының сапасын арттыратыны күмәнсіз. Мұндай ұстаным озық халықаралық тәжірибеге толық сай келеді. Біз көптеген мемлекеттердің пропорциялы сайлау жүйесіне көшіп жатқанын көріп отырмыз. Дамыған елдерде де осындай жүйе бар. Себебі бұл тәсіл өз тиімділігін көрсетті.

Конституция жобасын әзірлеу кезінде кейбір партия барлық деңгейдегі мәслихаттарды да осы жүйемен жасақтауды ұсынды. Бірақ менің бұл мәселеге қатысты көзқарасым – нақты. Аймақтарда мажоритарлық, яғни бір мандатты жүйе сақталады. Бұл – өте маңызды. Себебі дәл осы мәслихат депутаттары жергілікті жерде сайлаушыларымен үнемі байланыста болып, қоян-қолтық жұмыс істейді. Сонымен бірге мұндай жүйе ешқандай партияға кірмейтін, бірақ халық сенетін іскер азаматтар үшін тағы бір тиімді саяси баспалдақ болмақ. Сол арқылы мәслихаттардың рөлі арта түседі.

Азаматтар референдумда Конституция жобасын қолдап жатса, еліміздің саяси құрылымы түбегейлі өзгереді. Біз мүлдем жаңа конституциялық үлгіге немесе модельге көшеміз. Бұл қадам пропорционалдық және мажоритарлық жүйе арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Бұған қоса, сайлау үдерісін барынша жүйелеп, сайлауға түсетін азаматтардың жауапкершілігін арттыра түседі. Осылайша, мәслихаттар Құрылтайға қажетті білікті мамандар даярлауға белсенді түрде атсалысады.

Ауқымды реформаларды сапалы жүзеге асыру үшін мейлінше тиімді әрі кәсіби заң шығару жүйесін жолға қоюымыз керек. Ал еліміздегі өкілді билік жүйесінің негізі аймақтарда қалыптасады. Сондықтан мәслихаттардың қызметі айрықша маңызды екенін үнемі есте ұстаған жөн. Себебі жұрт өз мәселесін ең алдымен депутаттарға айтады. Ал халықтың сенімін ақтаудан артық абырой жоқ. Түптеп келгенде, депутат болу – ел адамы болу деген сөз. Бұл – мәртебесі биік, жауапкершілігі зор қызмет. Ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, ел игілігі үшін еңбек ететін азаматтар нағыз депутат деген атқа лайық, осындай азаматтар міндетті түрде халықтың сенімі мен құрметіне ие болады. Депутат халықтың сеніміне сызат түсіретін әрекеттен аулақ болуы қажет. Өйткені мұндай әрекет бүкіл мемлекеттік аппараттың, тұтас билік жүйесінің беделіне нұқсан келтіреді. Сіздер осы жауапкершілікті дұрыс түсініп, терең сезініп, қызметтеріңізді адал атқара бересіздер деп кәміл сенемін.

# САЛТ-ДӘСТҮРДІ САҚТАУ – БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

## СЫРДАРИЯ

Нағи Ілиясов ауылында аудан әкімі Берік Сәрменбаевтың қатысуымен Наурызнама онкүнгінің «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне» орай «Салт-дәстүр – асыл қазына» атты ауылдық клуб және мәдениет үйлері арасындағы аудандық фестиваль өтті. Мерекелік шараға ардагер әкелер мен ақ жаулықты аналар, ауыл тұрғындары қатысты.



Фестиваль басында аудан басшысы мәдениет үйінің фойесіндегі «Қолөнер – халқымыздың асыл мұрасы» атты қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдары көрмесімен танысты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Біздің салт-дәстүріміз – халқымыздың рухани мұрасы. Оны сақтау және дамыту – елдігімізді нығайтудың маңызды шарты» деп атап көрсетті. Президент айтқандай, біздің салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз – халықтың өмір сүру салтының, дүниетанымының, тәрбиесінің айқын көрінісі. Үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көрсету, қонақжайлық, ынтымақ пен бірлікке негізделген дәстүрлеріміз қоғамымыздың берекесін арттырып келеді. Салт-дәстүрді сақтау – тек өткенді құрметтеу ғана емес, ол – болашаққа бағдар. Өскелең ұрпақ ата-баба мұрасын танып, ұлттық мәдениетке құрметпен қарағанда ғана елдің рухы биік болады. Жастарды ұлттық құндылықтарымызды қадірлеуге, мәдени мұрамызды дәріптеуге тәрбиелеу – баршамыздың басты міндетіміз. Мәдениет – халықтың рухани тірегі. Ол елдің өткені мен бүгінін жалғап, болашаққа бағыт-бағдар береді. Театр, музыка, әдебиет, ұлттық өнер мен қолөнер – бәрі де халқымыздың бай рухани әлемін танытатын асыл мұралар. Осындай құндылықтарды сақтау, дамыту және кейінгі ұрпаққа жеткізу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Кеше ғана елімізде республикалық референдум өтті. Саяси науқанда халқымыз жаңа Ата Заң жобасын қолдайтындарын білдірді. Оның ішінде, Сыр елі халқы бұл жолы да ауызбірлік танытып, республикада ең жоғары нәтиже көрсетті. Бұл – аймақ халқының бекем бірлігінің айқын көрінісі. Референдумда бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ынтымақтың үлгісін көрсеткен Сіздерге аймақ басшысы Өзінің шынайы ризашылығын жеткізді, – деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Фестиваль барысында қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпының мәнін ұғындыратын қойылымдар сахналанып, жиналған жұртшылыққа ерекше рухани әсер сыйлады. «Ақ босаға» тобы белгі салу рәсімін, «Шаңырақ» тобы ұрын бару рәсімін, «Қазына» тобы тыйым салу рәсімін, «Ақ әжелер» тобы өңір салу салтын сахналық қойылым арқылы қалың көрерменге жеткізе білді.

## ШИЕЛІ

Конституцияға өзгерістер енгізуге байланысты маңызды саяси науқанға Шиелі ауданының тұрғындары белсенді қатысып, өз таңдауларын жасап, ел болашағына қатысты шешім қабылдауға үлес қосты. Халық арасында көтеріңкі көңіл-күй байқалып, жұртшылық бұл күнді ел тағдыры үшін маңызды тарихи сәт ретінде қабылдады.

Референдум күні ауданда ерекше мерекелік көңіл-күй қалыптасты. Аудан бойынша орналасқан референдум учаскелері ұлттық нақышта безендіріліп, Наурыз мейрамының рухын айшықтай түсті. Учаскелердің маңына киіз үйлер тігіліп, ұлттық салт-дәстүріміз кеңінен насихатталды. Келушілер үшін қазақтың ұлттық ойындары ұйымдастырылып, спорттық жарыстар өткізіліп, көрермендер мен қатысушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлады.



## АРАЛ

Орталық алаңда Наурызнама онкүндігі аясында 16 наурыз – Шаңырақ күніне, сондай-ақ Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне орай халқымыздың бай мұрасын дәріптеуге арналған «Наурыз тойы – мереке, салт-дәстүрім – береке» атты салт-дәстүрлік қойылым-концерт өтті.



Мерекелік шара барысында ұлттық тағамдар мен кітап көрмесі, сондай-ақ тұсау кесу, сырға салу сынды дәстүрлер көрініс тапты. Ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған кеште өнерпаздар ән шырқап, күмбірлеген күйлер орындалып, ұлттық нақыштағы билер қойылды.

Көктемнің шуақты мерекесі – Ұлыстың ұлы күні қарсаңында өткен бұл мәдени кеш түс ауа «Ұлт мұрасы – ұрпаққа аманат» ұлттық салт-дәстүрді дәріптеуге арналған спорттық сайыстар, ұлттық ойындарға ұласты.

## ЖАЛАҒАШ

Орталық алаңда Көрісу күні, Амал мерекесіне орай ұйымдастырылған мерекелік шараға аудан әкімі Ардақ Ибраимов қатысып, аудан тұрғындарын бауырмалдық пен бірлікті дәріптейтін көктемнің шуақты мерекесімен құттықтады.

- «Амал мерекесі – Әз-Наурыздың жарқын бастауы, көктемнің келіп, табиғаттың қайта түлеп, тіршіліктің жаңаруын айшықтайтын ерекше күн. Бұл – халқымыздың бір-біріне амандық тілеп, өкпе-renішті ұмытып, бауырмалдықты дәріптейтін тағылымы терең мереке. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Ықылым заманнан бері бабаларымыз бұл күнді «Амал келді, жыл келді!» деп ерекше қуанышпен қарсы алған. Дәстүр бойынша осы күні қыстан аман шыққан жұрт төс қағысып көріскен. Елдік пен ынтымаққа шақыратын бұл мейрам – ұлтымыздың бауырмалдық салтының жарқын көрінісі», – деп атап өткен болатын.

Осы шуақты мерекеде әр шаңыраққа амандық, құт-береке, молшылық тілеймін. Бірлігіміз бекем, ынтымағымыз берік болсын! Ел іргесі тыныш, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Амал мерекесі құтты болсын!», – деді А.Ибраимов.

Мерекелік шара барысында үлкендер жағы дәстүрге сай төс қағысып, көрісіп, жастар алтыбақан теуіп, жиналған қауымға Наурыз көжеден дәм ұсынылды.



Сонымен қатар ұлттық қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылып, аудан әкімі тұрғындармен бірге көрмені аралап көрді.

Мереке аясында ұлттық спорт түрлерінен сайыстар өткізіліп, мерекелік шара одан әрі концерттік бағдарламамен жалғасты.

## ҚАЗАЛЫ

«Руханият» орталығындағы аудандық орталық кітапханада халқымыздың бай мәдени мұрасы мен ұлттық салт-дәстүрлерін дәріптеп, өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру мақсатында тағылымды шара өтті.

Шараның мазмұнын айшықтай түскен тағылымды дәстүрдің бірі – тұсаукесер рәсімі болды. Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов кішкентай бүлдіршіндердің тұсауын



кесіп, балақайларға жарқын болашақ тілеп, ақжарма тілегін жеткізді. Сондай-ақ Ұлыстың ұлы күніндегі Наурызнама онкүндігі аясындағы әрбір атаулы күннің маңызы жайында айтып өтті.

Ұлыстың ұлы күнімен ұштастырылған бұл шарада аудан басшысы мен қонақтар арнайы ұйымдастырылған этноауыл көрмесін тамашалап, қазақтың тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін ұлттық дәстүрлермен танысты. Бағдарлама аясында әже мен бала диалогы, Қыдыр атаның батасы, әжелер ансамблінің ән шашуы ұсынылып, келсап түю, диірмен тарту, ұршық иіру, жүн түту, күбі пісу сияқты ұлттық тұрмыстық дәстүрлердің көріністері көрсетілді. Ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған «Шаңырақ» ойыны ұйымдастырылып, көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

Ұлттық мәдениет пен салт-дәстүріміз кеңінен насихатталған мерекелік кеш соңында қонақтар Наурыз көжеден дәм татып, бір-біріне ақжарма тілектерін арнады.

## ЖАҢАҚОРҒАН



Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі аясында 16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне орай қазақ халқының көне дәстүрлерін дәріптеу мақсатында «Ұрын бару», «Бастаңғы», «Ұйқыашар» дәстүрлерінен сахналық көрініс қойылды.

Көріністе қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәні мен мазмұны кеңінен насихатталды. Бастаңғы – үлкендер үйде болмаған кезде жастардың бас қосып, ән айтып, ойын ойнап, көңілді отырыс жасауы болса, ұрын бару – күйеу жігіттің қалыңдығымен кездесуге жасырын келу дәстүрі. Ал ұйқыашар – қыздардың жігіттерге арнайы дайындайтын дәмі, сыйластық пен ілтипаттың белгісі.

## ҚАРМАҚШЫ

Наурызнама онкүндігі аясында 16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне орай аудандық «Руханият» орталығында тағылымы мол шара ұйымдастырылды.

Халқымыздың бай мәдени мұрасын насихаттап, жас ұрпақтың бойына ұлттық дәстүрге деген құрметті қалыптастыру мақсатында өткізілген тағылымды шараға аудан әкімінің орынбасары Диас Молдабаев қатысты.

Бағдарлама аясында қазақ халқының өмір салты мен тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін «Қыз ұзату», «Беташар», «Бесікке салу», «Бәдік жыры» және «Арқаластыру» секілді ұлттық дәстүрлер ерекше сахналанды.

Сонымен қатар Тұрымбет Салқынбайұлы атындағы өнер мектебінің ұстаздары мен жергілікті өнерпаздар ән шырқап, кештің сәнін арттырды.



## ҚЫЗЫЛОРДА



Қалалық мәдениет және демалыс паркі аумағында «Наурызнама» онкүндігінің «16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне» орай ұйымдастырылған «Санамызды сергіткен салт-дәстүрім - Наурыз» атты мерекелік концерт өтті.

Шарада ұлттық өнеріміз дәріптеліп, әсем ән мен күмбірлеген күй, мың бұралған би көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Халқымыздың ғасырлар бойы сақталып келе жатқан салт-дәстүрлері насихатталып, ұлттық құндылықтардың маңызы кеңінен дәріптелді.

Бірлік пен берекені арттыратын осындай игі шаралар жалғаса береді. Ұлыс оң, Ақ мол болсын!

# КЕРІМҚҰЛОВ КЕЛДІ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысы өтті. Оған жауапты сала басшылары мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы осы уақытқа дейін «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-ы Қызылорда облыстық филиалының директоры лауазымын атқарған Жүнісов Ерұлан Бақтыбайұлын зейнет жасына жетуіне байланысты құрметті еңбек демалысына шығарып салып, Қызылорда облысының Құрмет грамотасын, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалі мен Алғыс хат табыстады.



– «Ерұлан Бақтыбайұлы өңіріміз арқылы өтетін республикалық маңызы бар автожолдардың сапасын жақсарту, логистикалық дәліздерді жетілдіру, жол апаттарын азайту бағытында нәтижелі жұмыс атқарды. Республикалық маңызы бар жол құрылысын сапалы әрі мерзімінде аяқтауда уақытпен санаспай, күндіз-түні қызмет етті.

Президентіміздің тапсырмасымен басталған «Қызылорда – Жезқазған» автожолы құрылысының өңіріміze тиесілі бөлігінің уақытылы пайдалануға берілуіне зор үлесін қосты.

Сізге зор алғысымыз бен ізгі ниетімізді білдіреміз. Деніңіз сау, әр күніңіз шаттыққа толы болсын!» – деді Н.Нәлібаев.

Сондай-ақ облыс әкімі «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-ы басқарма төрағасының бұйрығымен акционерлік қоғамның Қызылорда облыстық филиалы директоры лауазымына тағайындалған Керімқұлов Жасұлан Махамбетұлын таныстырды.



– «Әріптесіміз 1981 жылы Алматы облысында дүниеге келген. Қазақ көлік және коммуникация академиясында «Автомобиль жолдары мен әуеайлақтар құрылысы» мамандығы бойынша білім алған. Еңбек жолын Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институтында инженер ретінде бастаған.

2019-2020 жылдары Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитеті «Жол активтері сапасының ұлттық орталығының» Қызылорда облысы бойынша филиалы директоры қызметін атқарған. Жеке сектордa және мемлекеттік мекемелерде түрлі басшылық лауазымдарда болған.

Жасұлан Махамбетұлы аймағымыздағы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жол үлесін арттырып, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль жолының Қызылорда-Ақтөбе бөлігін қайта жаңғырту жобасын сапалы іске асырып, мерзімінде пайдалануға беруді қамтамасыз етеді деп сенім артамыз», – деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, еңбек ардагері Әмірбек Шәменов сөз сөйледі. Олар Ерұлан Бақтыбайұлын зейнет жасына жетуімен құттықтап, жаңа басшыға сәттілік тіледі.

# АРАЛ ТЕҢІЗІ ТҮБІНІҢ ЭКОЖҮЙЕСІН ЖАҚСАРТАТЫН ЖОБА

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Болат Өтемұратов Қорының өкілдері – Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Алмаз Шарман, бас директоры Айнұр Кәрібозова, сондай-ақ «Верный Капитал» компаниялар тобының бас директоры Айдан Ақанов, Калифорния университетінің Беркли кампусының ғалымдары, E-seed технологиясының авторлары Семина Юи және Марко Фрескимен кездесті. Кездесу барысында Болат Өтемұратов Қорының қолдауымен іске асырылуы жоспарланған «Арал теңізі түбінің экожүйесін жақсарту» халықаралық жобасының бастамасы мен алдын ала жоспарлары талқыланды.

**Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:**
**Арал теңізінің экожүйесін қалпына келтіру өңіріміз үшін стратегиялық маңызға ие. Біз экологиялық жағдайды жақсартуға, халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға дайынбыз.**
**Талқыланған жоба 2024-2026 жылдары Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев төрағалық ететін Халықаралық Аралды құтқару қоры (ХАҚҚ) аясында іске асырылып жатқан бастамалармен сабақтас.**

Бұл – облыс үшін ғана емес, халықаралық деңгейдегі өте маңызды жоба. Басты ерекшелігі – Берклидегі (АҚШ) Калифорния университеті әзірлеген E-seed инновациялық технологиясын қолдану. Жоба аясында технологияны жергілікті жағдайға бейімдеу жұмыстары Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті және Халықаралық Аралды құтқару қорының қатысуымен жүзеге асырылуда.

Бұл технология дрондар арқылы жүзеге асырылатын аэросебу әдісіне негізделген: биологиялық ыдырайтын арнайы материалға орналастырылған галофит өсімдіктерінің тұқымдары топыраққа өздігінен терең еніп, жерге себіледі. Мұндай тәсіл тұқымдардың топыраққа тереңірек енуі арқылы өсімдіктердің жерсіну деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Технология еңбек шығындарын азайта отырып, кең аумақтарды қысқа мерзімде қамтуға жағдай жасайды. Болат Өтемұратов Қорының пилоттық жобасы құрғаған теңіз табанынан таралатын тұзды-шаңды дауылдардың әсерін азайтуға және өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған.

Қордың Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі өңірде бірқатар маңызды жобалардың жүзеге асырылуын қамтиды. Атап айтқанда, «Асыл Мирас» аутизм орталығы ашылып, «Қорқыт ата халықаралық әуежайының» жаңа терминалы салынды.

Сонымен қатар облыстық жұқпалы аурулар ауруханасына, перинаталдық орталыққа және мүгедектігі бар балаларға арналған №2 облыстық оңалту орталығына заманауи медициналық жабдықтар берілді. Бұдан бөлек Қызылорда қаласы мен Арал ауданында әлеуметтік осал санаттағы отбасыларға тұрғын үйлер табысталып, 2021 жылғы қуаңшылық кезінде өңір тұрғындарына гуманитарлық көмек көрсетілді.

# КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ "ДЕМАЛЫС" ЖОҚ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен басқармалардың, коммуналдық мекемелердің басшылары, селекторлық режимде қала, аудан әкімдері, жауапты сала мамандары қатысқан жиналыс өтті.

Аймақ басшысы алдағы міндеттерді айқындап, бірқатар тапсырма жүктеді.

– «Демалыс күндері коммуналдық қызметтердің үздіксіз әрі сапалы көрсетілуін қадағалау керек. Тұтынушыларда суға, жарыққа, жылу мен газға қатысты мәселе туындамауы тиіс.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында облыстың барлық елді мекенінде санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-көгалдандыру жұмыстарын қарқынды жүргізу керек», – деді Н.Нәлібаев.

Сондай-ақ, жиналыста облыс аумағында салынып жатқан құрылыс нысандарындағы жұмыс барысы сараланды. Аудандарда жүзеге асырылуы тиіс жобалар, құрылыс сапасын қатаң бақылауда ұстау, нысандарды уақытылы пайдалануға берудің маңыздылығы айтылды.

Аймақта экологиялық бағдарлама аясында санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыс жүргізілуде.

Бюджет қаражатынан бөлек, кәсіпкерлер демеушілігімен орталық алаңдар, демалыс орындары, ойын, спорт алаңдары қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар жөндеуден өткізілуде.

Демеушілер және бюджет қаражаты есебінен Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі, Қорқыт ата мемориалды аллеясы мен Президент саябағы қайта жаңғыртылды. Оларға заманауи спорт, ойын алаңдары, модульдік-санитарлық пункттер, арнайы эко-бокстар орнатылды.

Қазіргі таңда Президент саябағы аумағында жылдың төрт мезгілінде жұмыс істейтін 300 орындық балалар тынығу лагері мен ботаникалық білім беру орталығы, Сырдария өзені үстінен Президент саябағын қаламен байланыстыратын жаяу жүргіншілер көпірі салынуда.

Бұл жұмыстар аудандарда да жүйелі жолға қойылған, жаңа демалыс орындары, аллеялары, көшелерді абаттандыру, жарықтандыру жұмыстары қарқын алған.

Өңірде біркелкі дизайн код бекітіліп, облыс орталығынан бастап елді мекендерт (*sic*) мекеме ғимараттары, аулалар, ойын алаңдары, аялдамалар, жарық бағаналары архитектуралық талаптарға сәйкестендірілді.

Ауылдарда қолайлы орта қалыптастыру, тұрғындарды тазалық шараларына ынталандыру мақсатында жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізіледі. Бұл маңызды жобаға соңғы үш жылда 2 млрд. 64 млн. теңге бөлініп, үздік атанған елді мекендерге 67 арнайы техника табысталды.

Аймақта тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету бағытына басымдық берілгендіктен, 2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталды. 2023 жылдан бері барлық ауданда алғаш рет 1800-ге жуық пәтер тұрғындарға берілді. Өткен жылы 3600 пәтерлік тұрғын үй салуға бюджеттен 58 млрд. 785 млн. теңге бөлінді. Кезекте тұрған тұрғындарға 2 392 пәтер табыстау үшін 57 млрд. 440 млн. теңге жоспарланған.

Ерекше атап өту қажет, былтырдан бері Қызылорда қаласында заманауи жаңа дизайнмен жеті, тоғыз, он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

# ЧЕЛОВЕК, О КОТОРОМ ХОЧЕТСЯ ВСПОМНИТЬ

Первый раз с Муханом Сагинбаевичем Турганбаевым я столкнулся, когда работал преподавателем Кызылординского политехникума и вел предмет «Основания и фундаменты» для студентов заочного отделения. Сразу бросилось в глаза, что он вместе с главным инженером ПМК-11 Сериком Абдукаримовым является неформальным лидером учебной группы. Был немногословен, посещал практически все занятия (учебное расписание было удобным для студентов, занятия начинались в 16.00 часов), вовремя рассчитывался с учебными заданиями. Никогда не выпячивал себя (работал инструктором организационно-партийного отдела обкома партии, это была высокая должность на тот период), общался со всеми преподавателями техникума, Алдабергеном Кошкинбаевичем Бекпенбетовым, Алексеем Ивановичем Головановым, тогдашними руководителями заочного отделения, с другими сокурсниками как обычный студент.

Очевидно, это было характерной чертой поколения 40-х годов – детей войны. Родился Турганбаев М. С. в многодетной семье 25 июня 1941 года в пос. Теренозек. Его отец прошел дорогами Великой Отечественной войны, завершив свой боевой путь в Японии. Окончив среднюю школу № 3 в Кызылорде, в 1965 году окончил физико-математический факультет Кызылординского пединститута.В 1965-1966 годы –учитель средней школы в Жамбылской области, в 1967-1970 годы –ответственный работник в комсомольских и профсоюзных органах областного центра, в 1970-1990 годы –сотрудник Кызылординского обкома и горкома партии.

После того, как меня избрали секретарем комитета комсомола политехникума, я часто соприкасался с Муханом Сагинбаевичем по работе – и когда он был инструктором обкома партии, и когда работал заведующим организационным отделом Кызылординского горкома партии, и когда возглавлял городской Совет народных депутатов. Он всегда оставался одним и тем же, независимо от чина и должности. Прямой и открытый, не юлил, не изворачивался, не хитрил, все высказывал напрямую, без обиняков. Был прост и доступен в общении. Ему был присущ деловой стиль работы, излагал коротко и доступным языком. Когда давал поручения, предпочитал телеграфный стиль изложения, с определением конкретных исполнителей, даты и времени исполнения, постоянно контролировал их исполнение. Это повышало ответственность кадров, дисциплинировало, мобилизовало работников на реализацию поставленных задач.

Постоянно нацеливал подчиненных на поиск новых подходов в партийно-политической работе, говорил им, что отыскать недостатки в работе всегда можно, а вот чтобы найти новшества в



деятельности парторганизаций, необходимо набраться терпения, систематически вести поиск и по крупицам собирать позитивное. Чаще нужно бывать в низовых структурах, беседовать с партийцами, изучать опыт первичных, цеховых, бригадных партийных организаций, опыт братских республик и зарубежных организаций. Неоднократно подчеркивал, что задача работника организационного отдела не только хорошо знать адреса передового опыта, но и распространять и внедрять его среди других парторганизаций города, делать достоянием многих.

Требовал от своих подчиненных, чтобы они не засиживались в кабинетах, а шли в «народ», изучали нужды и чаяния людей, принимали меры реагирования. Например, в те годы по инициативе отдела, возглавляемого М.С.Турганбаевым, вносились на бюро горкома партии такие жизненно важные вопросы, как тепло и водоснабжение жителей областного центра, налаживание работы коммунального хозяйства и другие, от деятельности которых зависело социальное самочувствие горожан.

Мухан Сагинбаевич, сам являясь профессионалом, в отдел подобрал высококвалифицированных специалистов – профессионалов высокой пробы. Среди них я бы выделил Александра Николаевича Балахонцева, Лидию Алексеевну Косых, Малика Дуйсенбаева, Ибраев Мадибек, Дариху Рабаевну Дильманову, Виталия Юрьевича Андреева, Жакена Ахметова, Владимира Михайловича Борисова, Юрия Абдуллаевича Койлибаева, Мырзатая Есмаханова, Миру Курманбекову, Болата Абдуллаева, Валерия Горшкова, Калиева Серика, Нугманова Мурата, Набиева Толепбергена, Умбеткулову Алмагуль и других. Большинство из них, пройдя «горкомовскую обкатку» под руководством М.С.Турганбаева, выдвинулись на вышестоящие должности. Со многими из них мне по роду своей деятельности приходилось сталкиваться в разные годы, и могу с уверенностью сказать, что во всех моих коллегах по работе чувствовался стиль и почерк тогдашних заведующих организационным отделом горкома – Шамиля Нурымгереева и Мухана Сагинбаевича.

С большой теплотой вспоминаю тогдашних секретарей первичек, каждый из которых пользовался заслуженным авторитетом среди партийцев и населения города. Это – Бекбенбетов Алдаберген Кошкинбаевич, Почекутова Татьяна Николаевна, Аитов Виктор Ильич, Керейтбаев Еламан, Глущенко Валерий Романович, Тнымкулов Еркин Ербулатович, Ермакашев Бахыт Ермакашевич, Лавасас Татьяна, Хен Виталий, Мамаков Марат, Тасбергенов Жумагали, Нурпеисова Катя, Хе Людмила Андреевна и другие.

Под постоянной его опекой находилась и городская комсомольская организация, а их вожаки в разные годы (Тайжанов Берик, Кушербаев Крымбек, Есенов Марат, Жумахметов Абдулла) всегда советовались с ним, бывшим комсомольским работником 60-х годов. А Мухану Сагимбаевичу было чем поделиться с ними, ибо наставниками были его непосредственные руководители (Ковалев В.Г., Калиев И.К., Айдосов А.Х., Туровский Э.И., Долгих В.И.), которые оставили заметный след в социально-экономическом развитии региона и областного центра.

Первостепенной заботой Мухана Сагинбаевича в те годы были подбор и расстановка руководящих кадров города. Ориентир был один – честность, добросовестность и профессионализм. Кандидатуры изучались внимательно, со всей скрупулезностью, и только на основе этого принималось выверенное решение. Практически серьезных нарушений или изъянов в кадровой работе по городу не случалось. В тот период не было таких скандалов, как это имеет место сейчас с отдельными чиновниками-мздоимцами. Иной раз знакомишься со СМИ как со своеобразными «сводками с полей сражений» – этот смошенничал, тот обьегорил, третий получил взятку в виде «шапки» или «отката».

Честность, добропорядочность и профессионализм Мухана Сагинбаевича были своеобразными ступеньками для карьерного роста, линией его жизни. Умел брать ответственность на себя, когда этого требовала ситуация. Своим личным примером учил подчиненных, как надо работать, делился накопленным опытом. Когда меня назначили заведующим организационным отделом обкома партии, я часто обращался за советом и помощью к нему, и он, не утаивая ничего, делился секретами и хитростями партийной работы.

Всегда шел навстречу нашим предложениям, когда мы хотели отработать какие-то новшества на примере городской парторганизации. Через пилотный проект прошло в те годы большинство партийных организаций. Помню, в эпоху перестройки к нам приехал зав. организационным отделом Жезказганского обкома Ахметов Касымхан, мой коллега, чтобы поучиться у нас, как должны проходить партийные конференции. Выбор наш пал на город, и мы не ошиблись в этом. Мухан Сагинбаевич и тогдашний первый секретарь горкома партии Аблай Хангереевич Айдосов сделали все, чтобы городское собрание прошло на высоком уровне. Достаточно сказать, что об этой конференции была положительная статья в Информационном бюллетене ЦК.

Он ценил искренность и верность в людях, крепкую мужскую дружбу. Близкими друзьями были его ровесники – Муслимов Али Муслимович, Елубаев Исатай Елубаевич, Кайруллаев Корганбек Кайруллаевич, Мадибеков Сабит Мадибекович, Сейтимов Жарылкасын Сейтимович, поколение, детство которого прошло в трудные послевоенные годы. Всех их объединяло одно – они были выходцами из трудовых семей, сами прошли через суровую школу жизни и добились всего благодаря своему напряженному труду и настойчивости. Ни у кого из них не было «крыши», что стало обыденным явлением для многих нынешних новоявленных чиновников.

Он всегда с уважением относился к своим коллегам -женщинам, позволял матерям уходить с работы, не засиживаясь допоздна. Об этом делилась со мной Дарига Рабаевна Дильманова, а Акмагамбетова Дариха расказывала, что они вместе с Турганбаевым М. поехали в ЦК комсомола Казахстана на собеседование, и Мухан Сагимбаевич оставался с её ребенком, пока она шла на беседу с ответственными работниками ЦК.

Его добросовестный и напряженный труд был отмечен государством. Был награжден орденом «Знак Почета», Почетной грамотой Верховного Совета Казахстана.

Опорой по жизни Мухана Сагинбаевича была супруга Салтанат, которая, несмотря ни на какие перипетии в жизни, всегда поддерживала его, создавала все условия, чтобы ему было комфортно на работе. Своей лучезарной улыбкой и открытостью она подвигала его на добрые дела и поступки. Пятнадцать лет назад нелепая смерть оборвала жизнь Мухана Сагинбаевича, но память о нем навсегда сохранится в наших сердцах.

Мұқанның жатқан жері жайлы алды жарық болсын! Пусть Творец будет милосерден и одарит любовью усопшего Мухана Сагимбаевича и ответит ему достойное место в ином мире!

**Кенес МАХАМБЕТОВ,**
ветеран труда, Астана

*Кітапхана*

# ҚОРДАЙДАҒЫ ҚАПЫЛ ҚАҚПАҚЫЛ




бір күштердің құлшыныстарымен алдын ала мұқият әзірленіп, ұйымдастырылған әрекет пе, деген сауал толғандырмай қоймайды. Бұл мәселе сол дабылды күндері жұрттың көкейінде жүрген, қайта-қайта көтеріліп тұрған түйткілдердің бірі болды. Дегенмен, сол кездердегі куәгерлердің пайымынша, «Масанчидегі» шабуылды ұйымдасқан топтардың күні бұрын әзірлегендері анық. Бұған жол полицейлері дүнгендерден дәккі көрген күні кешке жұрттың тез арада жинала қалулары мен олардың сол ұлт өкілдері тұратын ауылға жүк көліктерімен келіп, оның қорабының үстінен тас жаудырулары мен «Молотов коктейлі» атанған тұтанғыш сұйық құйылған бөтелкелерді кәсіби деңгейде дайындап әкелулері, бұдан бөлек, алғашқы күнгі топтық қақтығыстың заматында әлеуметтік желілер арқылы елге кеңінен тарай бастауы мен республиканың басқа аймақтарынан келгендердің жылдам көбейе түсуі айғақ бола алады.

Бұған қоса, билік өкілдері Қордай қырғынының себебін қалай құбылтып айтқанымен, оның сұлбасында этникалық негіздің де жатқанын мойындаудан жалтарып, өрбіген ұлтаралық қақтығысқа ұласып кетті деп келетін ресми версиясы «жеңіп шықты».

Енді қылмыстық есеп айырысу болжамы жайына келсек, бұл әңгіме алғаш рет «Вечерний Бишкек» газетінде пайда болды. Онда жарияланған бір мақала авторы Жамбыл облысының ауылдарында қалыптасқан төтенше жағдайды,- өңірдің сипатын білдіретін бірқатар факторларды, соның ішінде контрабанда, есірткі сүрлеуі және жемқорлық орын алуы ықтимал шекаралық аймақ екенін ескере отырып, - біржақты кескіндегі ұлтаралық не әлеуметтік қақтығыс ретінде бағалауға болмайтынын байыптайды. Басылым, әлі толық анықталмаған ақпарға сәйкес, «Масанчи» ауылындағы инциденттің елдің түстік беткейіндегі есірткі соқпағын бақылауында ұстайтын Серік Голованың тобы ұлтаралық қақтығыстың атын жамылдырып ұйымдастырған қылмыстық есеп айырысудың көрінісі деп жазды. Алайда құқық қорғау органдары криминал серкесін аталмыш оқиғадан бірнеше күн бұрын Алматы маңында ұстап алып, қамап тастаған болатын.

Солай бола тұра қырғыз борборының кешкі газеті жоғарыда өзі тектеп отырған болжамның шындыққа жанасымды екенін дәлелдеуге талпыныс жасайды, басылым бұған, біріншіден, жергілікті тұрғындардың кейбірі қолдарына атыс қаруларын алып шығуларын оқиғаға қылмыскерлердің араласқанымен түсіндіреді.

мәселе бойынша «Кітапхана» сайтында жазба қалдырып тұратын Елбасы да, кейде оның атынан хабарлама беріп қоятын баспасөз хатшысы да Қордай қақтығысына қатысты жұмған ауыздарын ашпаған күйлері қалды...

Ал осы жаппай тәртіпсіздікке және кісі өлтіруге қатысты деген айып тағылған дүнген сотталушыларын сотта қорғаған адвокат Болат Омаров Orda.kz сайтының бас редакторы Гүлнар Бажкеноваға берген сұхбатының желісінде Қордай трагедиясын жоғары жақ ұйымдастырды деген байлам білдіреді. «Бұл адамдарды теріс жолға салу әдісімен жоғары жақтан ұйымдастырылды. Мұны қазір жоққа шығару мүмкін емес, өйткені, ондағы екі оқиғаның қолтаңбасы бірдей, сипаты айқын, ал айырмашылығы ауқымы мен үйлесімділігінде ғана», - дейді ол. Адвокат «Қордай қақтығысы алда тұрған Қаңтар қырғынының репетициясы болғанына» берік сенімді. Ол бұдан әрі: «қазақ халқы ол кезде 2022 жылы өздерін бұдан да қанды, сұмдық қаңтар күтіп тұрғанын біле қойған жоқ. Қордай қырғыны қаңтар трагедиясын жаңаша бір қырынан көрсетті» деген ойға қазық байлайды.

**Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ**

# ҚАҢТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

## І-тарау

## ОҚИҒА ОЗАРЫНДА

Ақпанның 10-ы, дүйсенбі күні «Сортөбе» ауылында өткен брифингте вице-премьер Бердібек Сапарбаев Қордай ауданында жаппай тәртіпсіздікке ұласып, 10 адамның өмірін жұлып кеткен жанжалға байланысты тергеу органдары 25 қылмыстық іс қозған отырғанын жеткізді. Қылмыстық істер жаппай төбелес, жаппай тәртіпсіздікке шақыру, адам өлтіру, бұзақылық, билік өкіліне күш қолдану, өзгенің мүлкін жою және заңсыз қару жасау фактілері бойынша көтерілген. Ал бүліншіліктер кезінде ауданда 56 тұрғын үй, 11 коммуналдық нысан, 44 автокөлік қиратылған. «Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен қазір Бас прокуратурада ведомствоаралық жедел тергеу тобы құрылды. Топ тергеумен айналысады. Қазіргі басты мақсат - бүлік ұйымдастырушыларды, жанжалды бастағандарды, арандатушылар мен бұған кінәлілерді табу», - деді Үкімет басшысының орынбасары.

Осы күні түстен кейін Ақорданың баспасөз қызметі Жамбыл облысын екі жылға жуық уақыт басқарған Асқар Мырзахметовтің қызметінен алынып, оның орнына Бердібек Сапарбаевтың әкім болып тағайындалғанын хабардар етті. Соған байланысты ол Премьер-Министрдің орынбасары қызметінен босатылды. Сөйтіп, Қазақстанда әр жылдары бес облысты басқарып үлгерген бірінші әкім атанды. Бұрыннан осындай қысылтаяң кезде тығырықтан шыға алмай жатқан өңірлерді басқаруға жіберіліп келген Бердібек Машбекұлы енді Қордай қақтығысының салдарларын жою үшін өңір билігін қолына алды. Ал бұрын Оңтүстік Қазақстан облысына біраз жыл абыроймен басшылық жасаған Асқар Мырзахметов бұл қызметке 2018 жылдың 10 қаңтарында келген еді. Бұл лауазым тізгінін тұп-тура 23 ай ұстаған ол қитұрқы қақтығыс кесірінен қызметінен кетуге мәжбүр болды.

Айтатыны жоқ, Қордай оқиғаларының зардаптары Қазақстандағы дүнген қауымдастығы мен бірнеше мың босқынды бір мезгілде қабылдауға мәжбүр болған көрші Қырғызстан үшін күтпеген жерден көрініс берген нағыз күйзелісті кезең болды. Тек ресми версияларға жүгінгеннің өзінде бұл өңірде 11 адамның қаза тапқаны, олардың 10-ы дүнген жұртынан, 1-і қазақ қатарынан болғаны, дәрігерлік көмекке 141 адамның жүгінгені, олардың 15-і полиция қызметкерлері екені, жалпы саны 39 жеке үйдің, 20 сауда нысанының жанып кеткені, сондай-ақ 47 автомобильдің отқа оранып, жарамсыз болып қалғаны айқындала түседі. Қазақстан шекара қызметінің мәліметіне сәйкес, 7-9 ақпан күндері шекараны 24 мың адам кесіп өткен. Мұнда әуелі қырғыз қапталына қарай асқан, ертеңіне қазақ жеріне қайыра қайтқан, сосын мұнда қайтадан бойларын үрей билеп, тағы да арғы бетке бет алған кісілердің жалпы саны түгел есепке алынып отыр. Алдын-ала бағамдар бойынша, жанжалдың жалпы барысында келтірілген материалдық шығынның көлемі 1,7 млрд. теңгеге, яғни шамамен 4,5 млн. АҚШ долларына тең болып шыққан.

Айтқандай, Қордай қақтығысының ең бастапқы дүмпу берер серіппесі болған екі елеулі оқиғаның айыпкерлері - қарт кісі мен оның екі ұлын соққыға жыққан Юнху отбасының үлкені Эрсман Щимарович, оның ұлы Марат Эрсманович пен жол патрульдік полиция қызметкерлерін жабылып ұрып тастаған ататектері Воингуй, ағалы-інілі Люшир, Арафат және Мухамед деген жігіттер сот жүзінде жазаларын алды. Қысқа мерзімдерге сотталған булардың бесеуі де түрмеден босап келгеннен кейін отбасыларымен басқа жаққа көшіп кеткен көрінеді.

Осы ретте қоғамды бұл бүлік аяқ астына бола салған оқыс оқиға ма, жоқ, әлдеқандай

бұл тақырыпқа жоламауға тырысып бақты. Сондықтан жанжалға «жаппай төбелес» деген жаттанды атау тағылды. Ал ауданда тұратын қазақтар өкілдерінің кейбірі мұнда ұлтаралық келіспеушіліктің шын ызғары бар екенін баяндай келіп, екі ұлт өкілдері арасында мұндай оқиғалардың бұдан бұрын да талай рет қайталанғанын айтады. «Жергілікті ауыл тұрғындары дүнген этносы өкілдерімен бұған дейін де бірнеше мәрте қақтығыс болғанын, бірақ соның көбі «бармақ басты, көз қыстымен» жабылғанын жеткізуде», - деп жазады «Жас Алаш» өзінің 2020 жылғы 13 ақпандағы нөмірінде. Ал «Азаттық» радиосының тілшісіне берген сұхбатында қазақтар тұратын «Қаракемер» ауылының өзін Ғани деп атаған тұрғыны соңғы уақыттары «Масанчи» ауылымен арадағы түсініспеушіліктің өте күшейіп кеткенін алға тартады. «Олар (дүнгендер - ред.) «жер - сендердікі, билік - біздікі» дейді. Ақша берсек, бәрін сатып аламыз деп өктем сөйлейді», - деп қынжылады ол.

Оқиғаның барысында өздерін елден оқшау ұстайтын дүнгендердің көбі мемлекеттік тілді меңгермейтінін мансұқ ететіндей болып көрінді. Мұны олардың аса басым бөлігі - түгелге жуығының орысша сөйлейтіндерін видеолардан бірнеші рет көрген көпшілік қатты таңғалды. Сондықтан жазба соңына «бұлар неге қазақ тілін менсінбейді?» деген үн қосу қалдырғандар аз болған жоқ. Әдетте, шыны керек, мемлекеттік тілдің өз мәртебесі деңгейінен көріне алмауы мемлекет құраушы ұлттың намысын таптап, «өзін-өзі қор сезіну» түйсігін туғызады. Ал дүнген және орыс тілдерінде ғана сөйлейтін дүнген жұрты титулды халықтан өздерін қашаннан оқшау ұстайды, олардың қазақтармен араласуы өте баяу, әрі шектеулі, оларды жақындатуға бағытталған үрдіс мүлде жоқ есепті. Себебі, басым бөлігі Жамбыл облысының Қордай ауданында тұратын олар еліміздегі барлық дерлік өзге ұлт өкілдері секілді балаларын орыс мектебіне береді. Бұған қоса ұл-қыздарын жоғары оқу орындарында оқытуға құлықсыз бұл халықтың соңғы жылдары перзенттерін Қытайдан білім алуға көптеп жібере бастауы таңғалдырады. Осы орайда мұның жайын «Жас Алаш» газетінде жарық көрген жоғарыда аталған «Қордай оқиғасы: Қақтығысқа билік кінәлі ме?» атты мақаласында таратып жазған Қадыр Арғынбек дейтін автордың: «Соңғы жылдары Қазақстандағы Қытай елшілігімен жұмыс істейтін дүнгендердің бірнеше ұйымы бар екенін қоғам белсенділері жиі айтып жүр. Олар Қытаймен қандай байланыс орнатқан? ҰҚК-нің жіті назарға алатын шаруасы осы болса керек» деген тұжырымы назар аударуға тұратын мәселені мәселе деп есептеймін. Оның жазуынша, Тұрдыбек Құрметхан деген желі қолданушы өзінің парақшасында Қытай елшілігі және консулдығының аса қамқорлығына ие дүнгендердің елімізде бірнеше ұйымы бар екенін және олардың өздерін қытай (хуэйзу) диаспорасы санайтындарын атап көрсеткен.

Осы тұста Қордай қақтығысын ұйымдастырушылардың мақсаты елдің іс басындағы президентінің халықаралық аренадағы беделін түсіріп, оны қазақтарды құдалағаны үшін Қытайды сынаудың моральдық құқынан айыру, ал жанжалдың себебін криминалды есеп айырысу деп тұжырымдауға мәжбүр ету болған деген болжамдар да тарады. Ақырында биліктің тұрмыстық негізде бүрк ете қалған жанжалдың соңы асығыс түрде

газеті жоғарыда өзі тектеп отырған болжамның шындыққа жанасымды екенін дәлелдеуге талпыныс жасайды, басылым бұған, біріншіден, жергілікті тұрғындардың кейбірі қолдарына атыс қаруларын алып шығуларын оқиғаға қылмыскерлердің араласқанымен түсіндіреді. Әйтпесе бейбіт кісінің қолында мылтықтың бола қоюы екіталай. «Екіншіден, аудан мен облыстағы жергілікті шенеуніктерді, бірқатар полиция басшыларын жедел жұмыстан босатылуы бекер емес», - деп жазады газет. Басылым осы орайда қазақстандық саясаттанушы Айдос Сарымның пікірін де келтіре кетеді. «Орын алған қайғылы оқиға бір жылда пайда бола салған процестердің көрінісі емес. Мен мұның бәрін тұрмыстық жанжалдың салдарына жатқыза салмас едім. Шынтуайтында, бәрі бұдан гөрі күрделірек. Енді үшінші күштердің араласқаны жайлы айтылып қалып жатыр. Егер тап осылай екеніне келіссек, мұны негізі қылмыстық құрылымдар жасағаны да анық. Шекаралас аймақ болғасын, бәлкім, ықпал ету салалары қайта бөлісе түсіп жатқан шығар», - деді ол.

Тағы бір қазақстандық саясаттанушы Андрей Чеботарёв көпреттерде бұл секілді жойқын оқиғалар қарсаңында өзге ұлт өкілдерінің қатысуымен қанат жайған қандайда бір тәртіп бұзушылық пен соған теңдес басқа жайттар жайлы қауесеттердің таратылып жіберілетінін еске салады. Бұдан кейін билік пен құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне олардан «кек қайтаруға» дәлел боларлық себеп дайын бола қалады. Осының арқасында «мұның соңы әлгіндей құқық бұзушылыққа еш қатысы жоқ, бірақ күдікке ілінгендермен бір этносқа жататын бейкүнә жандардың жазықсыз жапа шегуіне апарып соғады» дейді сарапшы. Ол мұның, зерделеп келгенде, «жергілікті биліктің әлгіндей оқиғаларды реттеуге және этносаралық қарым-қатынастағы конфликтілерді шешуге қабілетсіздігін көрсететінін» жазады Facebook желісіндегі парағында.

Орталық Азиядағы демократияны дамыту қорының директоры, белгілі саясаттанушы Толғанай Үмбеталиева болса, биліктің көбіне мұндай одағай оқиғаларды «тұрмыстық жанжалға» жатқыза салғанды «ыңғайлы» көретінін алға тартады. «Биліктің мұндай қақтығыстарға байланысты нақты шешімі жоқ деп ойлаймын. Олар өздерінің қауқарсыз «ұлтаралық татулық» моделін мадақтап отырғанды құп көреді. Бұл оқиғаны қалай атап, қалай шешуді білмей отыр. Билікке мұны әдеттегідей «тұрмыстық жанжал» деп атап, жергілікті атқарушы билікті кінәлап, жауапкершілікті соған арта салған оңай. Тап мына жағдайда саяси жауапкершілікті қазақтарға артып, бәріне солар кінәлі» дей салмақ. Билік не істерін білмейді. Бар мәселе - осы. Бізде қазақтардың да, басқа ұлттардың да мүддесін ескеретін этникалық топтармен қатынас орнату жүйесі жоқ», - дейді ол.

Қазақстанды отыз жылға жуық басқарғаннан кейін, 2019 жылы наурыз айында президент қызметінен кеткен, алайда билікке ықпалын сақтап қалған Нұрсұлтан Назарбаев басқаратын Қауіпсіздік кеңесі де сол күндері тым-тырыс отырды. Құзыретіне елдегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықтың тінін бұздырмау міндеті кіретін құдіретті құрылым қапыл қақтағыс хақында тіл де қатпады, отырыс та өткізбеді, шара да қабылдамады. Бұған дейін кез келген мезіретті мәні бар

Бұған қоса, Болат Омаровтың интервью желісінде айтқан мына тұтқиыл тұжырымдары да ойландырмай қоймасы хақ. «А потом ещё один момент: 7-го числа, накануне этих событий, днём случился конфликт между сотрудниками дорожной полиции и местными жителями, - дейді ол. - Тоже как представили: дунгане бьют наших полицейских. И по этому поводу тоже очень интересно: именно накануне этих событии когда ещё ничего не случилось, из областного центра сняли 14 экипажей дорожно-патрульной службы и направили именно в эти сёла: в Масанчи, Сортобе. Когда я задал вопрос, почему так случилось, чем это вызвано, мне сказали: «А мы отправили на отработку». Именно в этих сёлах криминальная обстаноака как раз спокойная, там не совершается каких-то противоправных действий, алкоголь не продаётся, разные какие-то эксцессы пресекаются на корню, поэтому какие там могли быть отработки?».

Адвокаттың айтуынша, қылмыстық істің материалдарында баса мән беріліп, атап көрсетілетін бір мәселе назардан тыс қалып қойыпты. Ол - тап сол 7 ақпан күні азаннан кешке дейін Алматы мен Тараз жақтардан Қордай ауданына қарай келіп жататын көліктер санының былайғы уақыттардағыдан айтарлықтай көп болуы. Мұны қорғаушылар сотта айыпталушыларға қарсы сұрақтар қою барысында өздері анықтап алған. Ендеше, көліктер көшінің бұлайша трасса табанында шамадан тыс, шұбә туғызарлықтай шекте белсенді қозғалысқа түсіп кеткенін полиция қызметкерлері қалай аңғармаған? Оның үстіне бұл шекарадағы аудан болса. Айтпақшы, шекара бойлай орналасқан бұл ауылдарды аудан орталығымен жалғайтын жолдың өзі де біреу ғана. Олай болса, сол трассаның бойына екі үлкен жүк көлігін қатарластыра қоя салса, жол жүлгесі толық жабылып қалатын еді. Бірақ мұны жасау ешкімнің ойына келмепті. Әлде керегі болмаған шығар...

Бұдан бөлек, Қордайдан 10-15 шақырымдай қашықтықта, осы жолдың алабында бақылау-өткізу бекеті орналасқан екен. Мұнда шекарашылар мен полицейлер тәулік бойына кезекшіліктерін атқарады. Бұлар осында шекара тәртібінің орындалуын қадағалайды, күдікті көрінген адамдар мен көліктерді бұл белдеуден ары қарай өткізбейді. Басында бұлар да ондайларды ішке жібере қоймапты. Бекеттен түсірілген видео соны көрсетеді. Әлдеқандай бір мезетте шабуылдаушылар шлагбаумды жұлып әкетеді. Ал полицейлер оларды тоқтатудың орнына сұлбаларына қарап тұра беріпті. Бір кездері бекет торабын камуфляж киген шенді кісілер басып қалыпты. Олар билікті қолдарына алып, сырттан келгендердің бәрінің алдарынан «жасыл жарық» жандырып қойыпты. Олар көлікпен келген жігіттерге: «Сендердің еншілеріңде төрт сағат уақыт бар, бірақ машиналарыңның нөмірлерін шешіп алыңдар» деумен болыпты. Сосын олар бұл тапсырманы бұлжытпай орындап шыққан. Сол күні түнде текетірес орын алып жатқан ауылдарда нөмірсіз көліктер ызғып жүріпті. Бірақ жоғарыда айтылған жол-патруль қызметінің 14 экипажы бұларды тоқтатуды жөн көрмеген.

Бұған жоғарыда айтып өткеніміздей қақтығыс қарқын алып кеткеннен кейін де оны басуға құқық қорғау органдарының аса асыға қоймағанын қосыңыз. Елбасы басқарған Қауіпсіздік кеңесінің оған мән бере қоймағаны тағы бар. Айналып келгенде, осы фактілердің бәрі Қордай оқиғасының алдын ала сызбасы сызылып, жобасы жоспарластырылып қойылған әрекет екеніне айғақ бола түседі.

Ал Қаңтар қырғынына дейін бұл кезде небәрі 23 айға жуық уақыт қалған еді...

*(Жалғасы бар)*

*Референдум – 2026*

# ҚАЗАҚЫЛЫҚ...



♦ Сырдария ауданында тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері Яхия Тасыров референдум күні алғашқылардың бірі ретінде өз учаскесінде бюллетень алып, дауыс берді



♦ Қазалы қаласындағы №66 учаскеде "Ғибрат әжелер" ансамблі республикалық референдумға қатысып, өз таңдауларын жасап, дауыс берді



♦ Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, атақты диқан Ыбырай Жақаев ұрпақтары референдумға қатысып, оның 9 келіні референдумда бір мезетте дауыс берді



♦ Қызылорда қаласындағы №375 сайлау учаскесінде қазақ хандары Қасым хан, Есім хан және Тәуке хан бейнесіндегі азаматтар бір мезетте дауыс берді. Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» қазақ халқын бірлікке ұйыстырып, мемлекеттіліктің берік негізін қалаған заңдар жүйесі болды



♦ Республикалық референдумда дауыс берушілер арасында дәл сол күні 18 жасқа толып, алғаш рет дауыс беру құқығына ие болған жастар да аз емес. Соның бірі – Шиелі ауданындағы №267 учаскесіне келген Құралай Кәрісбек



♦ Таңсәріден учаскеге ерте келген азаматтар үшін комиссия мүшелері демеушілер есебінен арнайы сыйлықтарды үлестірді




♦ Қызылордадағы №260 сайлау учаскесінде Сыр елінің рухын бейнелейтін Көк бөрі өз таңдауын жасады



♦ Жаңақорған ауданының Түгіскен ауылында тұратын Атымтаевтар әулетінің келіндері ел өміріндегі маңызды саяси науқанға бір отбасының мүшелері ретінде бірліктерін көрсетіп, бір мезетте референдум учаскесіне барып, дауыс берді



♦ Әйтеке би кентіндегі Оқушылар үйінде орналасқан №56 референдум учаскесінде арнайы Этноауыл ұйымдастырылып, ұлттық дәстүрлер кеңінен насихатталуда